




KazTransGas

**Жылдық есеп
Годовой отчет
Annual report**

2013



**«ҚАЗТРАНСГАЗ»
АҚ-НЫҢ
2013 ЖЫЛҒЫ
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ**



Мазмұны

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ	5
«ҚАЗТРАНСГАЗ» АҚ БАС ДИРЕКТОРЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ	9
2013 ЖЫЛҒЫ ОҚИҒАЛАР	11
«ҚАЗТРАНСГАЗ» АҚ-НЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	13
«ҚАЗТРАНСГАЗ» АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ	15
АКЦИОНЕРЛЕРГЕ ҮНДЕУ	17
ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕР БӨЛІГІНДЕГІ НЕГІЗГІ ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР	19
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ	25
ИННОВАЦИЯЛАР	35
ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ	37
САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ	43
ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ, ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ	47
ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК	51
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	57
«ҚАЗТРАНСГАЗ» КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ САТЫП АЛУЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАМТУ (ҚҚ)	63
НЕСИЕЛІК РЕЙТИНГІЛЕР ЖӘНЕ БОРЫШТЫҚ ПОРТФЕЛЬДІ БАСҚАРУ	64
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК	67



Компания туралы

«ҚазТрансГаз» компаниясы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 ақпандағы № 173 қаулысына сәйкес құрылған. 2004 жылғы 9 маусымнан бастап «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-II Заңына сәйкес «ҚазТрансГаз» жабық акционерлік қоғамы «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы болып қайта аталған. 2004 жылғы 09 маусымдағы № 13898-1901-АҚ заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігін Астана қаласының Әділет Департаменті берген.

Қазақстан Республикасының газ саласы, одан әрі дамуы үшін айтарлықтай әлеуетке ие, ол болашақта Қазақстанды табиғи газдың жетекші өндірушілері қатарына шығаруға мүмкіндік береді. «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы, еліміздің және дүниежүзінің газ нарығында мемлекеттің мүддесін білдіретін, Қазақстан Республикасының газбен жабдықтау саласындағы ірі компания болып табылады. «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы АҚ оның Жалғыз акционері болып табылады. ҚазТрансГаз табиғи газды магистральдық газ құбырлары бойынша тасымалдауды басқарады, ішкі және сыртқы нарыққа газ сатумен айналысады, құбыр жолдары мен газ сақтау қоймаларын әзірлейді, қаржыландырады, салады және пайдаланады.


ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 5 шілдедегі № 914 қаулысына сәйкес «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор болып айқындалды.

Есепті кезеңде ҚазТрансГаз компаниялар тобына 9 еншілес және тәуелді компания кіреді, олар мынадай бизнес-бағыттар бойынша берілген:

- ресурстық базаны кеңейту: «Амангелді Газ» ЖШС;
- магистральдық тасымалдау: «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «Азиялық Газ құбыры» ЖШС, «Бейнеу – Шымкент Газ құбыры» ЖШС, «ҚырҚазГаз» ЖШҚ;
- өңірлік тасымалдау: «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «ҚазТрансГаз-Алматы» АҚ, «ҚазТрансГаз-Тбилиси» ЖШҚ;
- газбен жасалатын сауда операциялары: «ҚазТрансГаз - Өнімдері» ЖШС.

 **KazTransGas**
ГАЗ ЖӘНЕ ГАЗБЕН ЖАБДЫҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ОПЕРАТОР

 **KazTrans**
ГАЗ ЖӘНЕ ГАЗБЕН ЖАБДЫҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ




Көмірсутекті ішкі және сыртқы нарыққа жеткізудің көпвекторлық қағидаттарына сүйене отырып, Қазақстан табиғи газды транзиттеу және экспорттық жеткізу бойынша барлық экономикалық тұрғыдан тиімді маршруттарды дамытуға ұмтылуда. Бұл ретте іргелес жатқан елдермен келісілген энергетикалық саясатты жүргізу Қазақстан үшін маңызды болып табылады, себебі транзиттік-экспорттық бағыттар олардың аумағынан өтеді. Қазақстан Республикасы үшін газ саласындағы басты басымдық ҚР жаңа аумақтарын одан әрі газдандыру және өз меншік ресурстары есебінен табиғи газбен ішкі нарықтың қажеттілігін қамтамасыз ету болып табылады.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасындағы 14 облыстың 10-ы газдандырылған. Негізінен бұлар – республиканың оңтүстік және батыс өңірлері.

Атауы	Тауарлық газды өндіру	Ішкі нарыққа жеткізу	Импорт	Экспорт
Қазақстан Республикасы, млрд м ³	22,8	10,9	5,154	8,6
ҚазТрансГаз үлесі, %	1,5	99,9	100,0	12,9

Газ тасымалдаудың жалпы жүйесі магистральдық газ құбырларының (МГҚ), компрессорлық станциялардың (КС), газдың жер асты қоймасының (ГЖҚ), сондай-ақ тарату газ құбырларының ауқымды желісін қамтиды.

ҚАТЫСУ КАРТАСЫ



«ҚазТрансГаз» АҚ Бас директорының стратегиялық картасы қызметінің негізгі көрсеткіштері

Қызметтің негізгі көрсеткіштері (ҚНҚ)	Өлш.брл.	2013 жоспар	2013 факті
Экономикалық қосымша құн (EVA)	млн теңге	-29 553	-4 917
Іске қосылған капиталдың рентабельділігі, кезең үшін орташа алғанда (ROACE)	%	6,38%	10,57%
Меншікті капиталдың рентабельділігі (ROE)	%	5,96%	11,61%
Қорытынды пайда	млн теңге	30 755	50 453
ИОА бойынша «Газды құбыр жолымен тасымалдау» сегменті бойынша меншікті өзіндік құны	теңге/млн м ³ *км	1 536	1 451
Өңірлік газ тасымалдау бойынша «Газды құбыр жолымен тасымалдау» сегменті бойынша меншікті өзіндік құны (ҚТГ-Аймақ)	теңге/мың м ³	951	1 014
Өңірлік газ тасымалдау бойынша «Газды құбыр жолымен тасымалдау» сегменті бойынша меншікті өзіндік құны (ҚТГ-Алматы-Алматы)	теңге/мың м ³	1 601	1 615
«Газ өндіру» сегменті бойынша меншікті өзіндік құны	теңге/ мың м ³	3 914	3 603
ОАғымдағы шығыстар сомасына қатысты жалпы және әкімшілік шығыстар қатынасы	%	11,23%	9,65%

Қызметтің негізгі көрсеткіштері (ҚНҚ)	Өлш.брл.	2013 жоспар	2013 факті
Аймақ газын сату рентабельділігі	%	1,59	1,93
Аймақ газын сату рентабельділігі	%	-13,00%	-36%
ИОА үшін газды магистральдық тасымалдау тарифінің мөлшері	\$ на 1 мың м ³ *100 км	1,70	1,70
Газ тасымалдау бойынша ТТР көлемі (ИОА)	млрд м ³ *км	29 348	28 655
Газ сату көлемі	млн м ³	12 089	11 729
Газ өндіру көлемі	млн м ³	321	322
Газ тасымалдау бойынша құбыр жолы қуаттарының экспорттық/транзиттік өсімі	%	1,0	1,0
Өңірлік тасымалдау және газ тарату бойынша қуаттардың өсімі	%	7	13
Газды құбыр жолымен тасымалдау бойынша экспорттық және транзиттік өсім бойынша мақсатқа жету	%	96%	96%
Күрделі шығындар – Газ тасымалдау (ИОА)	млн теңге	45 900	48 838
ТТР жалпы көлемінде ҚНЖЕ жұмсалатын газ шығыстары	%	0,03	0,02
Белгіленген мерзімдерге сәйкес іске асырылатын жобалар үлесі, инвестициялық жобалардың жалпы мөлшерінде	%	100%	100%
Белгіленген бюджеттерге сәйкес іске асырылатын жобалар үлесі, инвестициялық жобалардың жалпы мөлшерінде	%	100%	100%
Жекелеген (әлеуметтік) бағдарламаларды қаржыландыруға жұмсалатын шығындардың жалпы сомасы	млн теңге	6 211	265
"ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ компаниялар тобының бейінді емес активтерін қайта құрылымдау жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау	%	100%	100%
Қызметкерлердің жалпы саны бойынша қазақстандық кадрлар үлесі	%	95%	99%
Жергілікті қамту үлесі:			
-тауарларды сатып алуда	%	84%	84%
-жұмыстар мен қызметтерді сатып алуда	%	67,0%	70,0%
Өндірістегі жазатайым жағдайлар саны	адам	0	0
Өндірістің тоқтап қалуына әкеп соқтыратын немесе экологиялық залал келтіретін авариялық оқиғалар саны	бірл.	0	0
Авариялардың ауырлық деңгейі	адам-сағ./100 мың адам-сағ.	0	0
Авариялардың жиілігі	бірл./100 мың адам-сағ.	0	0
Орташа алғанда компания бойынша персоналдың тұрақтамауы	%	13%	9,6%
ҚТГ компаниялар тобы бойынша персоналдың жұмысқа тартылғандығы	%	62%	69%
Еңбектің өнімділігі	млн теңге/адам	21,58	23,08
Персоналды оқытуға арналған шығыстар	%	1%	2%
Жаңа технологияларды әзірлеуге және енгізуге жұмсалатын инвестициялар үлесі (компания шығыстарына % шаққанда)	%	2,60%	0,23%
FTK мақұлдаған жобалар саны	у.е.	1	1

2013 ЖЫЛҒЫ ОҚИҒАЛАР

«БОЗОЙ – ШЫМКЕНТ» УЧАСКЕСІНІҢ ЖЕЛІЛІК БӨЛІГІ ЖӘНЕ «БОЗОЙ» ГӨС ПАЙДАЛАНУҒА ЕНГІЗІЛДІ;

«ҚАЗАҚСТАН – ҚЫТАЙ» МГҚ-НЫҢ «С» ЖЕЛІСІН САЛУ БАСТАЛДЫ;

ҚАЙТА ҚҰРЫЛҒАННАН KEЙІН «МАҚАТ» КС № 4 ҚҰБЫР КОМПРОССОРЛЫҚ ЦЕХЫ ПАЙДАЛАНУҒА ЕНГІЗІЛДІ;

ГАЗ БЕРУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛДІ:

- АЛМАТЫ Қ. ЖӘНЕ ҚАЛА АЙМАҒЫ БОЙЫНША (БАРЛЫҒЫ ОРТАША ЖӘНЕ ТӨМЕН ҚЫСЫМДЫ 1 150 КМ ГАЗ ҚҰБЫРЫ САЛЫНДЫ, 201 ШГТП ОРНАТЫЛДЫ);
- ҚЫЗЫЛОРДА Қ. («ББШ» МГҚ ЖӘНЕ «АҚШАБҰЛАҚ – ҚЫЗЫЛОРДА» МГҚ ТҮЙІСЕТІН ЖЕРДЕ МОЙНАҚТЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛДЫ);
- ШҚО ЗАЙСАН Қ. (ЖОБАНЫҢ 1-ШІ КЕЗЕКТЕГІ 1-ШІ ҚОСУ КЕШЕНІ);
- ТҮРКІСТАН Қ. (22 КМ ТҮЙІСЕТІН ГАЗ ҚҰБЫРЫ, ҚУАТЫ 100 МЫҢ М³/САҒ. АГТС ЖӘНЕ 2 РТП ОРНАТЫЛДЫ);
- ШЫМКЕНТ Қ. (515 КМ ГАЗ ҚҰБЫРЫ, 10 ГТП ЖӘНЕ 6 984 ШГТП ОРНАТЫЛДЫ);
- ТАРАЗ Қ. (182 КМ ГАЗ ҚҰБЫРЫ, 3 230 ШГТП ОРНАТЫЛДЫ).

ҚАШАҒАН ЖОБАСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАР КОНСОРЦИУМЫ ГАЗ САТЫП АЛУ-САТУДЫҢ ҰЗАҚМЕРЗІМДІ ШАРТЫНА ҚОЛ ҚОЙДЫ.

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның даму стратегиясы туралы ақпарат

Газ саласындағы қызметті жүзеге асыратын ҚазТрансГаз және оның еншілес және тәуелді ұйымдары «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ құрамында тік интеграцияланған компаниялар тобын құрайды.

ҚазТрансГаз миссиясы – Қазақстан Республикасының тұтынушыларын сенімді әрі қауіпсіз газбен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін газ саласын интеграциялау және дамыту, қазақстандық газды экспорттаудан барынша көп кіріс алу және Қазақстанның транзиттік әлеуетін пайдалану, газды ішкі нарықта қайта өңдеуден және іске асырудан түсетін кірісті арттыру, бизнесті әлеуметтік-жауапкершілікпен жүргізу, отандық тауар, жұмыстар мен қызметтер жеткізушілерін қолдау, жергілікті кадрларды дамыту.

Пайымдауы: ҚазТрансГаз – халықаралық деңгейдегі жоғары тиімді газэнергетикалық компания. Өзінің пайымдауына қол жеткізу әрі миссиясын іске асыру үшін ҚазТрансГаз үш басым стратегиялық даму бойынша әрекет ететін болады:

- ҚР ішкі нарығының қажеттіліктерін қамтамасыз ету;
- ҚР транзиттік және экспорттық әлеуетін дамыту;
- газбен жасалатын сауда операцияларынан түсетін кірісті арттыру.

Стратегиялық басымдықтарын іске асыру мақсатында ҚазТрансГаз мынадай стратегиялық бизнес-бағыттарды біріктіріп дамытуға шоғырланады:

- ресурстық базаны кеңейту;
- магистральдық газ тасымалдау;
- өңірлік газ тасымалдау;
- газбен жасалатын сауда операциялары.

Сөз жоқ ҚазТрансГаз-дың стратегиялық басымдығы:

- басқару жүйелерін жетілдіру;
- мемлекет үшін стратегиялық пайда табуды және қазақстандық қамтуды дамытуды қамтамасыз ету болып табылады.

Сервистік секторда бейінді емес және төмен рентабельді активтерді оқшаулауды көздейтін қысқарту стратегиясы іске асырылатын болады.

ҚазТрансГаз амбициясы – екі жүз елу ірі мұнайгаз компаниясының және Platts рейтингіне сәйкес өндірістік көрсеткіштері бойынша 2022 жылы дүниежүзінің жиырма ірі газбен жабдықтаушы компаниясының қатарына ену.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР

КПД	2013 ж. факт.	2016 ж.	2017 ж.	2020 ж.	2022 ж.
Газды магистральдық тасымалдау көлемі, млрд куб. м*	110 138	132 285	133 311	130 253	129 478
Саудакөліктік жұмыстар көлемі, млрд куб. м x км*	28 655	71 773	72 398	69 081	68 968
ҚР нарығында газды өткізу көлемі, млрд куб.м	9 351	12 752	13 018	14 361	14 943
Газ өндіру көлемі, млн куб.м	321,8	542	560	700	700
ROACE, %	10,66	16,6	16,4	13	12

*100% көлем ИОА, 50% АГҚ, 50% ББШ



ҚТГ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

МИССИЯ

Қазақстан Республикасының тұтынушыларын сенімді әрі қауіпсіз газбен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін газ саласын интеграциялау және дамыту, қазақстандық газды экспорттаудан барынша көп кіріс алу және Қазақстанның транзиттік әлеуетін пайдалану, газды ішкі нарықта қайта өңдеуден және іске асырудан түсетін кірісті арттыру, бизнесті әлеуметтік-жауапкершілікпен жүргізу, отандық тауар, жұмыстар мен қызметтер жеткізушілерін қолдау, жергілікті кадрларды дамыту

ПАЙЫМДАУ

Халықаралық деңгейдегі жоғары тиімді газэнергетикалық компания

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМДЫҚТАР:

ҚР ішкі нарығының қажеттіліктерін қамтамасыз ету

ҚР транзиттік және экспорттық әлеуетін дамыту

Газбен жасалатын сауда операцияларынан түсетін кірісті арттыру

БИЗНЕС БАҒЫТТАР:

Ресурстық базаны кеңейту

Магистральдық тасымалдау

Өңірлік тасымалдау


Газбен жасалатын тауарлық операциялар

МІНДЕТТЕР, ОНЫҢ ІШІНДЕ:


- Бар бос және ілеспе газ қорларын кешенді зерттеу;
- Жаңа газ кен орындарын барлау және пайдалануға енгізу, инертті газды коммерциялау жөніндегі бағдарламаны іске асыру;
- Көмір қыртыстарынан метан алу жөнінде ҒЗТКЖ шеңберіндегі пилоттық жоба
- газ тасымалдау жүйесін интеграциялау («БШ» МГҚ);
- бар және пайда болатын қуат жүктемесі келілігін қамтамасыз ететін шарттық қатынастар мен тарифтік саясат жүйесін енгізу;
- «Қазақстан – Қытай» МГҚ қуатын арттыру
- ҚР Газдандырудың бас схемасын әзірлеуге және іске асыруға қатысу («Газ және газбен жабдықтау туралы» ҚР Заңы);
- Газ тарату жүйелерін жаңғырту және дамыту бағдарламасын іске асыру;
- тауарлық газды коммерциялық есепке алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- БЭК әсерін ескере отырып, ҚР бойынша бірыңғай баға саясатын әзірлеу және жүргізу;
- Газ өткізудің көлемдерін арттыру.
- АПКС салу және автокөліктерді КТГ-ге қайта жабдықтау Жобалау, салу және пайдалану кезінде СТГ қолдану бойынша нормативтік-құқықтық база әзірлеу

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы қызметінің қаржылық және өндірістік көрсеткіштері

Магистральдық тасымалдау млн текше м




Газ өткізу млн текше м




Тауарлық көліктік жұмыс млрд текше м * км




Газ өндіру млн текше м




Табыстар млн теңге




Шығыстар млн теңге



Төленген дивидендтер млн теңге



Таза ақшалай қаражаттар млн теңге



Акционерлерге үндеу



«ҚазТрансГаз» АҚ
 Директорлар
 кеңесінің төрағасы
 Данияр Әмірбайұлы
 Берлібаев



«ҚазТрансГаз» АҚ
 Басқармасының
 төрағасы
 Серік Сұлтанғали

ҚҰРМЕТТІ АҚЦИОНЕРЛЕР!

Құрметті «ҚазТрансГаз» АҚ-ның акционерлері мен серіктестері! 2013 жылды қорытындылай келе, «ҚазТрансГаз» АҚ мұнайгаз саласындағы көшбасшы ретінде өз ұстанымын сақтап қана қоймай, сондай-ақ оларды айтарлықтай күшейте түсті.

Кез келген кәсіпорынның қызметін бағалағанда, әдетте сандық көрсеткіштері басым келеді – өндіріс көлемі, кіріс, капитал мөлшері және бизнестің нақты бағыттарының даму динамикасын білдіретін басқа да өлшемдер. «ҚазТрансГаз» АҚ компаниясының тобына 9 еншілес және тәуелді компания кіреді және бізді Қазақстанның барлық газ берілген 10 өңірінде таниды. 2013 жылдың желтоқсан айына абоненттердің саны 1 427 387 құрады. Магистральдық газ құбырларының ұзындығы 16 800 км құрайды, өңірлік – 29 мың км-ге артық.

Есепті кезең «ҚазТрансГаз» АҚ үшін барынша табысты жыл болды. Компания өз қызметінде жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Негізгі өндірістік көрсеткіштер магистральдық және өңірлік газ тасымалдау бөлігінде де, сондай-ақ газбен жасалған сауда операциялары бөлігінде де орындалды. Компания бойынша кіріс жоспары 100% орындалды. Шоғырландырылған жиынтық пайда 51 млрд теңгені құрады.

Бірқатар ірі газ жобалары табысты іске асырылды, оның ішінде: «Бозой – Шымкент» учаскесіндегі «Бейнеу – Бозой – Шымкент» магистральдық газ құбыры іске қосылды, қайта құрылған «Мақат» құбыр компрессорлық цехын, сондай-ақ өңірлердің тарату желілерін жаңғырту жөніндегі бірқатар жобалар пайдаланылуға енгізілді.

Алайда, бірлескен жұмыстың табысты нәтижесі бар, бірақ бұл осымен тоқтап қалу деген сөз емес. Мемлекет басшысы өзінің жақындағы Қазақстан халқына жолдаған жолдауында қандай ауқымды міндеттер қойғанын өздеріңіз білесіздер. Сондықтан да бізге осы міндеттердің деңгейіне сәйкес келу қажет.

2014 жыл белсенді кезең болмақ – бізге Қазақстанды газдандырудың бас схемасын әзірлеу және бекіту, уәкілетті мемлекеттік органдармен газға баға белгілеу тетігін әзірлеу және одан әрі бекіту жөніндегі жұмыстарды жүргізу қажет.

Бұған қоса, 2014 жылы бізде Қарағанды бассейнінің көмір қабаттарынан метан өндіру және оны барлаудың қаншалықты перспективті екендігін бағалауды жүргізу міндеті тұр, ол еліміздің орталық және солтүстік өңірлерін газбен қамтамасыз ету тұрғысынан серпінді бағыт болмақ.

Қаз-қатар тізілген сандардың көлеңкесінде сапалы өзгерістер көрінбей қалуда, атап айтқанда тұрақтылық, басқару стилі мен әдісі, өсу әлеуеті, тәуекелдерді терең бағалаудың соңғы нәтижеге бағдарланумен үйлесімі, беделділік, серіктестердің сенімі біздің қызметтің аса маңызды сипаттамасы болып табылады.

«ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің және Қоғамның Басқармасының атынан біздің іскери серіктестерімізге, бізбен өзара тиімді ынтымақтастық қатынастар орнатқан, ал көбінесе жеке тілектестік білдіретін барлықтарыңызға үлкен ризашылығымызды білдіреміз. Компанияның ең маңызды активі және оның болашақта одан әрі табысты дамуының негізі болып табылатын «ҚазТрансГаз» АҚ-ның акционерлері мен қызметкерлеріне ерекше алғысымызды білдіреміз.

«ҚазТрансГаз» АҚ
 Директорлар кеңесінің төрағасы
 Д. Берлібаев

«ҚазТрансГаз» АҚ
 Басқармасының төрағасы
 С. Сұлтанғали

Құрылымдық бөлімшелер бөлігіндегі негізгі өндірістік және қаржылық көрсеткіштер

«ҚазТрансГаз» АҚ корпоративтік орталығы қызметінің негізгі түрлері сыртқы және ішкі нарықта газ сату, сондай-ақ газ сату, тасымалдау және пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын еншілес және тәуелді ұйымдарға жетекшілік ету болып табылады.

ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

	2011	2012	2013	2012-ға %
Табиғи газды сату, млн текше м	3 198	1 784	3 064	172%
Ішкі нарық	383	695	686	99%
Экспорт	2 845	1 089	2 378	218%

(топішілік операцияларды есептемегенде)

«ҚазТрансГаз» АҚ корпоративтік орталығы бойынша 2013 жылы топішілік операцияларды қоспай-ақ, табиғи газды сату 3 064 млн текше м құрады, оның ішінде экспортқа – 2 378 млн текше м.

Ішкі нарыққа газ жеткізу Амангелді кен орындарының ресурсынан «ҚазТрансГаз Аймақ» және «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС арқылы сату жолымен Алматы және Жамбыл облыстарына жүзеге асырылады.

Gazprom Schweiz AG компаниясының атына газды экспортқа өткізу отандық жер қойнауын пайдаланушылар ресурстары есебінен («Теңізшевройл» ЖШС, «Ақтөбемұнайгаз СНПС» АҚ және «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС) мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- «Александров Гай» ГИС-ке берілетін көлемдерді өлшеумен «ОАО» МГҚ бойынша;
- «Александров Гай» ГИС-ке берілетін көлемдерді өлшеумен «Оренбург – Новопсков» МГҚ бойынша.

Бұнымен қатар «Қырғызгаз» ААҚ атына экспортқа жеткізу «Буқара газды ауданы – Ташкент – Бішкек – Алматы» МГҚ бойынша Амангелді кен орнының ресурстарынан жүзеге асырылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

	2011	2012	2013	2012-ға %
Өнімдерді сатудан және қызметтер көрсетуден түсетін кіріс, млн теңге	75 804	54 237	80 787	149%
Жалпы пайда	34 096	23 179	46 373	200%
Таза пайда	43 140	16 490	28 809	175%

«ИНТЕРГАЗ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ» АҚ

«ИНТЕРГАЗ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ» АҚ (бұдан әрі – «ИОА» АҚ) қызметінің негізгі бағыттары магистральдық газ құбырларының жүйесі бойынша табиғи газды тасымалдау, жер асты қоймаларында газ сақтау жөніндегі қызметтер, МГҚ пайдалану және оған техникалық қызметтер көрсету болып табылады.


Табиғи газды тасымалдау Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Батыс Қазақстан, Алматы, Маңғыстау, Ақтөбе және Қызылорда облыстарының аумағында жүзеге асырылады.

Табиғи газды халықаралық тасымалдау «ИОА» АҚ бизнесінің негізгі кірісін құрастырушы болып табылады. ҚР аумағы арқылы «Газпром» ААҚ-мен 2011-2015 жылдарға табиғи газды тасымалдауға арналған орта мерзімге жасалған келісімшарттар, сондай-ақ газ тасымалдау саласында және газ транзитіндегі ынтымақтастық туралы басқа да ұзақ мерзімді келісімдер, жаңғыртуға салынған инвестициялар мен МГТЖ күрделі жөндеу жөніндегі өткізілген іс-шаралар есепті кезеңде тұрақты кіріс алуға мүмкіндік берді.

ТАБИҒИ ГАЗДЫ ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМДЕРІ



КӨЛІКТИҚТАУАРЛАР ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ КӨЛЕМДЕРІ



Есепті кезеңдегі КТЖ-нің төмендеуі 2013 жылы ортаазия газын транзиттік тасымалдау көлемдерінің қысқаруына байланысты болды.

ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

	2011	2012	2013	2012-ға %
Газ тасымалдау көлемдері, млн текше м	102 927	95 201	93 658	98%
Ішкі нарық	9 621	10 012	10 369	104%
Экспорт	11 892	11 912	12 021	101%
Халықаралық транзит	81 414	73 277	71 267	97%

2013 жылы газ тасымалдау көлемдері жөніндегі жоспарды орындау 98%-ды құрады. 2012 жылмен салыстырғанда, ортаазия газы транзитінің қысқаруына байланысты газ тасымалдау көлемінің төмендегені байқалады.

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

	2011	2012	2013	2012-ға %
Өнімдерді сатудан және қызметтер көрсетуден түсетін кіріс, млн теңге	98 501	97 817	102 850	105%
Жалпы пайда	40 284	31 958	37 439	117%
Таза пайда	50 564	13 298	16 156	121%

«АМАНГЕЛДІ ГАЗ» ЖШС

«Амангелді Газ» ЖШС қызметінің негізгі түрлері газ және газ конденсатын өндіру болып табылады.

ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

	2012	2013	2012-ға %
Газ өндіру, млн текше м	324	322	99%
Газконденсатын өндіру, тонна	21	22	102%

2013 жылы газ және газ конденсатын өндіру көлемдері бөлігінде өндірістік бағдарламаны орындау тиісінше 99 және 102 % құрады.

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

	2012	2013	2012-ға %
Өнімдерді сатудан және қызметтер көрсетуден түсетін кіріс, млн теңге	2 585	4 844	187%
Жалпы пайда	1 329	2 829	213%
Таза пайда	742	1 637	221%

Газ сатудан түскен кіріс **4 844 млн теңгені** құрады. Былтырғы жылдың ұқсас кезеңдерімен салыстырғанда кірістің артуы 2012 жылғы тамызда Амангелді кен орнының жер қойнауына деген құқықтарын «Амангелді Газ» ЖШС-не берумен негізделгенін атап өткен жөн.

«ҚАЗТРАНСГАЗ АЙМАҚ» АҚ

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның негізгі қызметі магистральдық және газ тарату құбырлары бойынша газ тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсету, газ тарату қондырғыларын және олармен байланысты газ тарату құбырларын пайдалану, маркетинг, сатып алу, тұтынушыларға газды сату болып табылады.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның басым міндеті «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ қатысатын өңірлерде барлық санаттағы тұтынушыларды (тұрғындарды, коммуналдық мақсаттағы кәсіпорындарды, өнеркәсіптік кәсіпорындарды) апатсыз, үздіксіз және қауіпсіз газбен жабдықтауды қамтамасыз ету болып табылады.


ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

	2011	2012	2013	2012-ға %
Газды бөліп тасымалдау, млн текше м	3 203	3 628	4 235	117%
Газды магистральдық тасымалдау млн текше м	2 074	2 091	2 139	102%
Табиғи газды сату, млн текше м	7 664	9 584	9 096	95%

2012 жылмен салыстырғанда «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ бойынша сату көлемі 5 %-ға төмендеді. Негізгі төмендеу Ақтөбе облысында газ тұтыну көлемінің 40%-ға азаюына байланысты болды.

ГАЗ ӨТКІЗУ КӨЛЕМДЕРІ

(млн текше м)



ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

	2011	2012	2013	В % к 2012
Өнімдерді сатудан және қызметтер көрсетуден түсетін кіріс, млн теңге	83 009	115 140	108 335	94%
Жалпы пайда	6 214	8 978	6 575	73%
Таза пайда	2 242	4 507	2 094	46%

«ҚАЗТРАНСГАЗ-АЛМАТЫ» АҚ

«ҚазТрансГаз-Алматы» АҚ холдингтік кәсіпорындарды басқару және олардың қызметтерін реттеуді жүзеге асыру мақсатында құрылған холдингтік компания болып табылады. «ҚазТрансГаз» АҚ «ҚазТрансГаз-Алматы» АҚ-ның құрылтайшысы болып табылады.


ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

	2011	2012	2013	2012-ға %
Табиғи газды сату, млн текше м	1 853	2 448	1 342	55%
Ішкі нарыққа	1 853	2 448	1 342	55%
Экспортқа	-	-	-	-

2013 жылғы «ҚазТрансГаз-Алматы» АҚ қызметінің қорытындылары бойынша ауа-райының жылы болуына байланысты жылумен қамтамасыз ететін ұйымдардың сұранысы төмендеп, тиісінше газ сату көлемдері 1 342 млн дейін немесе 45%-ға төмендеді.

ГАЗ ӨТКІЗУ КӨЛЕМІ

(млн текше м)



ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

	2011	2012	2013	2012-ға %
Өнімдерді сатудан және қызметтер көрсетуден түсетін кіріс, млн теңге	31 030	39 687	23 313	59%
Жалпы пайда	- 1 475	-3 520	-11 548	-228%
Таза пайда	- 2 320	-7 644	-16 699	-118%

2012 жылмен салыстырғанда 2013 жылы пайда болған залалдар Алматы өңірінің тұтынушылары үшін газ өткізу көлемдерінің азаюы және сату бағасынан газ тасымалдауға арналған тарифті алып тастау негіз болды.

Инвестициялық Қызмет

Негізгі стратегиялық басымдықтарға және бизнес-бағыттарға сәйкес, «ҚазТрансГаз» АҚ-ның ұзақмерзімді Инвестициялық бағдарламасы мынадай міндеттерді шешуге бағытталған:

1. Өндірістік және технологиялық әлеуетті оңтайландыру есебінен олардың сенімділігін, қауіпсіздігін және тиімді пайдалануын арттыру мақсатында магистральдық газ құбырларының жүйесін жаңғырту.
2. Газды соңғы тұтынушыларға тасымалдау жөніндегі қызметтерді теңдестіріп, сенімді әрі үздіксіз көрсетуді қамтамасыз ету.
3. ҚР елді мекендерін газдандыру жолымен ішкі нарықты газбен жабдықтауды кеңейту.
4. ҚР-ның транзиттік және экспорттық әлеуетін дамыту.

**2008-2013 Жылдар кезеңіндегі күрделі салымдарды игеру динамикасы
және 2014 жылға арналған жоспар**

млн тенге



2013 жылы игерілген инвестициялардың жалпы көлемі («Қазақстан-Қытай газ құбырын салу (1-ші учаскесі)» және «Бейнеу-Шымкент» Газ құбырын салу» жобаларын ескермегенде) 2012 жылмен салыстырғанда 21%-ға өсіп, шамамен 86,13 млрдтенгені құрады, оның ішінде:


ДӘСТҮРЛІ АКТИВТЕРДІ ДАМУҒА ЖӘНЕ ҰСТАУҒА – 84,38 МЛРД ТЕҢГЕ;

ӘКІМШІЛІК ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТТІК МАҚСАТҚА – 1,75 МЛРД ТЕҢГЕ.

KazTransGas
ГАЗ ЖӘНЕ ГАЗБЕН ЖАБДЫҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ОПЕРАТОР

KazTransGas
ГАЗ ЖӘНЕ ГАЗБЕН ЖАБДЫҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ОПЕРАТОР


2013 ЖЫЛҒЫ КҮРДЕЛІ САЛЫМДАР ҚҰРЫЛЫМЫ: (МЫҢ ТЕҢГЕ):




2013 жылдың күрделі салымдары негізгі бизнес-бағыттар бойынша былайша бөлінген:

- газды магистральдық тасымалдауға салынған күрделі салымдар 2012 жылмен салыстырғанда 31,3%-ға өскен және 48,8 млрд теңгені құрады;
- газды өңірлік тасымалдауға және бөлуге 32,8 млрд теңге жолданған, ол 2012 жылы осы бағыт бойынша игерілген сомадан 103%-ға артық;
- газ өндіруге салынған күрделі салымдар 2,726 млрд теңгені құрады, ол 2012 жылдың көрсеткішінен 2 есеге артық.

ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША
2013 ЖЫЛЫ КҮРДЕЛІ САЛЫМДАРДЫ БӨЛУ (МЛРД ТЕҢГЕ):



2008-2014 ЖЫЛДАРДАҒЫ БАҒЫТТАР БОЙЫНША
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЛЕКТЕРДІ БӨЛУ ДИНАМИКАСЫ (МЛРД ТЕҢГЕ)



Іске асырылатын инвестициялық жобалар

«ГАЗ ӨНДІРУ» (РЕСУРСТЫҚ БАЗА)

«АМАНГЕЛДІ КЕН ОРЫНДАРЫ ТОПТАРЫН ИГЕРУ»

2010-2014 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының газ саласын дамыту бағдарламасына сәйкес, республиканың оңтүстік өңірлерінің тұтынушыларын газбен жабдықтау және энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында, ҚазТрансГаз көмірсутек шикізатын бірлесіп барлау және өндіруге арналған 2000 жылғы 12 желтоқсандағы келісімшарттың негізінде Жамбыл облысындағы Амангелді газ кен орындарының тобын игеруді жалғастырып жатыр. Жобаның шеңберінде «Амангелді» кен орнын өнеркәсіптік пайдалану және геологиялық барлау, сейсмикалық жұмыстар кешендерін, қорларды есептеуді, тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалану жобаларын әзірлеуді, өндіру

ұңғымалары мен кен орнын жайластыру объектілерін қамтитын Амангелді тобының басқа да кен орындарын игеру жүзеге асырылуда. Амангелді к/о табиғи газдың бекітіліп алынатын қорлары 01.01.2014 ж. 16 млрд м³ құрайды. 2008 жылдан бастап Амангелді кен орны өнеркәсіптік әзірлеу кезеңіне шықты. Қазіргі кезде 26 ұңғыма пайдалануға берілді және құрылысы аяқталып қалған 2 ұңғыманы іске қосу дайындық үстінде. Амангелді к/о тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалана бастағаннан бастап 3,2 млрд текше м табиғи газ және 248 мың тонна газ конденсаты алынды. 2013 жылы Амангелді кен орнынан 322 млн текше м табиғи газ және 22 тонна конденсат алынды.

«МАГИСТРАЛЬДЫҚ ТАСЫМАЛДАУ»

«ҚАЗАҚСТАН- ҚЫТАЙ (1 УЧАСКЕ)» МГҚ САЛУ»

Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетін арттыру және қосымша табыс табу мақсатында «ҚазТрансГаз» АҚ «Қазақстан-Қытай (1 учаске) магистральдық газ құбырын салу» инвестициялық жобасын іске асыруда. Жоба Қазақстан Республикасының және Қытай Халық Республикасының Үкіметтері арасында 2007 жылғы 18 тамыздағы «Қазақстан-Қытай» газ құбырын салудағы және пайдаланудағы ынтымақтастық туралы келісімнің негізінде іске асырылады. Жобаны іске асыру мақсатында 2008 жылғы ақпанда «Азиялық газ құбыры» ЖШС жобалық компаниясы құрылды, тең үлестік негізде КазТрансГаз және «TAPLine» (КНР) компаниясы оның құрылтайшысы болып табылады. Ұзындығы 1,3 мың км газ құбырының маршруты Өзбекстан мен Қазақстан шекарасынан басталады, үш облыстың (ОҚО, Жамбыл және Алматы) аумағынан

Қытай (Қорғас қаласы) шекарасына дейін өтеді. Газ құбырының өткізу қуаты жылына 40 млрд текше м, оның ішінде, 30 млрд текше м ҚХР-ға жіберілетін газ транзиті үшін және жылына 10 млрд текше м Қазақстан Республикасының ішкі тұтынуына арналған. А және Б желілері бойынша барлық негізгі объектілер 2012 жылдың аяғында пайдалануға енгізілген. Осылайша, өндірістік қуаты жылына 30 млрд м³ қол жеткізілген. 2013 жылы газ шығыстарын өлшеу торабын (ҚР-дағы «Налабай» ГШӨТ) және SCADA және Телекоммуникация жүйесін салу аяқталып, пайдалануға енгізілген. Газ құбырының бірінші желісін пайдалануды іске қосқан сәттен бастап (2009 жылдың аяғы) 72,7 млрд м³, оның ішінде 2013 жылы 28 млрд м³ ҚХР-ға және 0,71 млрд м³ Алматы қаласы үшін тасымалданған болатын.



2011 жылғы 27 шілдеде «Қазақстан-Қытай газ құбырын салу және пайдалану ынтымақтастығы туралы 2007 ж. 18 тамыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №2 хаттамаға қол қойылды, оған сәйкес Тараптар «Қазақстан-Қытай» МГҚ бірінші учаскесінің қуатын жылына 25 млрд м³ арттыруды жүзеге асыруға келісті, олардың жылына 20 млрд м³ ҚХР-ға түркімен және өзбек газын транзиттеуді жүзеге асыру мақсатында Қытай тарапының пайдалануына, ал жылына 5 млрд м³ ҚР ішкі нарығының газға деген сұранысын, сондай-ақ газды ҚХР-ға мүмкін болатын экспорттауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан тарапына арналған.

26.09.2011 ж. ҚМГ, ҚТГ және «ТAPLine» арасында Қазақстан-Қытай газ құбырының «С» бірінші учаскесін жобалауды, қаржыландыруды, салуды және пайдалануды ұйымдастырудың негізгі қағидаттары туралы келісімге қол қойылды.

Республиканың энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі тұтынушыларды сенімді газбен жабдықтау және Қазақстан газын әртараптандыру мақсатында, 2007 жылғы 18 тамыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы арасындағы «Қазақстан – Қытай» газ құбырын салу және пайдалану ынтымақтастығы туралы келісімнің негізінде 2011 жылы «Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбырын салу» жобасын іске асыру басталды.

Жобаны іске асыру мақсатында 2011 жылы қаңтарда «Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» ЖШС жобалық компаниясы құрылды, оның құрылтайшысы тең үлестік негізде ҚазТрансГаз және «ТAPLine» (ҚХР) компаниясы болып табылады.

Жобаның ұзындығы 1477 км, жылына 10 млрд м³ өткізу қабілеті бар, кеңею мүмкіндігімен қоса жылына 10 млрд м³ дейін жететін газ құбырын салуды көздейді. Іске асырылу мерзімдері: 2011-2015 жылдар.

Жобаны қаржыландыру мақсатында жоба-

Жоба ұзындығы 1 304 км өткізу қабілеті жылына 25 млрд м³ дейін магистральдық газ құбырын салуды көздейді.

Жобаны іске асыру мерзімі: 2012-2015 жылдар.

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жобамен мынадай негізгі жұмыстар орындалды:

- 2013 жылғы шілдеде станциялық ғимараттарға ЖСҚ («Мемсараптама» РМК-нің 2013 ж. 17 шілдедегі № 01-0461/13 қорытындысы) әзірленді;
- 2013 ж. қазанда Базалық жоба («Мемсараптама» РМК-нің 2013 ж. 17 қазандағы № 01-0764/13 қорытындысы) әзірленді;
- газ құбырының желілік бөлігін салу жүргізіліп жатыр.

2014 жылы газдың өткізу қуаты жылына 5 млрд м³ дейін жеткізе отырып, газ құбырының желілік бөлігін салуды аяқтау және оны пайдалануға енгізу, сондай-ақ компрессорлық станцияларды салуды бастау жоспарланып отыр.

лық компанияның ЖК-на қазақстандық және қытайлық қатысушылармен әрқайсысы 500 млн АҚШ долларында үлес қосу көзделген, сондай-ақ жобалық қаржыландыру тартылған.

Серіктестікке «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырын салу» («Бозой – Шымкент» – 1-ші кезек) жобасын іске асыру жөніндегі ҚМЖ-ды жүргізуге ҚР ҰҚ және ТҚҚА-ның 2012 жылғы 17 шілдедегі № 75 рұқсаты берілді. 2013 жылы «Бозой – Шымкент» учаскесіндегі газ құбырының желілік бөлігінің құрылысы аяқталды. 2013 жылғы 2 желтоқсанда «Бозой – Шымкент», «Бозой» ГӨС учаскелері газ өткізу қуаты жылына 2,5 млрд м³ болатын желілік бөлікті пайдалануға енгізу туралы Мемлекеттік қабылдау комиссиясының актісіне қол қойылды. 2013 жылғы 27 желтоқсанда «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ бойынша газ тасымалдау басталды.

2014 жылы «Бейнеу-Бозой» учаскесінде газ құбырының желілік бөлігін салуды жүзеге асыру, сондай-ақ «Бозой» және «Қараөзек» компрессорлық станцияларының құрылысын бастау жоспарланып отыр.

«ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ МГҚ ҚУАТЫН АРТТЫРУ (1-ШІ УЧАСКЕ)»

«МАҚАТ» КС № 4 ҚҰБЫР КОМПРЕССОРЛЫҚ ЦЕХЫН ДАМУ»

«ОАО» газ көлік жүйесінің жұмысын оңтайландыру, пайдалану шығындарын төмендету, 2011-2013 жылдары «ОАО» және «Мақат – Солтүстік Кавказ» МГҚ-ның қауіпсіз, тиімді және үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында «Мақат» № 4 КС құбыр компрессорлық цехын дамыту инвестициялық жобасын іске асыру жүргізілді.

2013 жылғы қазанда жеке қуаты 15,29 МВт, өнімділігі жылына 56,7 млрд м³ болатын жеті агрегат орнатып, жаңа №4 компрессорлық цех пайдалануға енгізілді. «Мақат» жаңа құбыр компрессорлық цехын пайдалануға енгізу:

- «Орталық Азия – Орталық» МГҚ бойынша да, сондай-ақ «Мақат – Солтүстік Кав-

каз» МГҚ бойынша да газ тасымалдау және газ транзиті ағындарын - «Орталық Азия – Орталық» жүйесінің қазақстандық учаскесінің негізгі компрессорлық цехын қайта жабдықтау есебінен тиімді басқаруды қамтамасыз етеді;

- жалпы саны 113 бірлік газ айдау агрегаттары паркін пайдаланудан (консервация) шығару есебінен жабдық бірліктерінің өнімділік көрсеткіштерінің мәнін 2,7 еседен астамға (0,15-тен 0,41 дейін) өсіруге мүмкіндік береді;
- газ бойынша ҚНЖЕ, трубінді май шығыстарын және қоршаған ортаны ластағаны үшін жұмсалатын шығыстарды қысқартуға мүмкіндік береді.

«ӨҢІРЛІК ТАСЫМАЛДАУ»

«ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ГАЗ ТАРАТУ ЖҮЙЕСІН ЖАҒЫРТУ»

Газ желілерінің тозғандығына, сондай-ақ өнеркәсіптік кәсіпорындардың дамуына және өңірдегі тұрғындардың өсуіне байланысты, 2009 жылы «Оңтүстік Қазақстан облысының газ тарату жүйесін жаңғырту» жобасын іске асыру туралы шешім қабылданған болатын. Жобаны іске асыру Шымкент қаласы мен Оңтүстік Қазақстан облысын табиғи газбен сенімді әрі үздіксіз қамтамасыз етуге, сондай-ақ сағатына 85 мың м³-тен 258 мың м³-ке дейін газ құбырлары схемасының есебінен газ құбырларын пайдаланудың кепілді мерзімін және газ желілерінің өткізу қуаттылығын арттыруға мүмкіндік береді.

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жобаны іске асыру басталғаннан

бері жер асты газ құбырын ауыстыру жұмыстары 1 176 км орындалды, жоғары, орташа және төменгі қысымды газ құбырының желілерімен қоса 14 ГТП салынды, 14 704 шкафтық пункт (ШП) орнатылды. Ауыстыру жоспары бойынша барлығы Шымкент қаласының 27 мың абоненті және облыс бойынша 60 мыңнан астам абонент күтуде. Осылайша, есепті күнге жоба бойынша жұмыстардың жалпы көлемінің 57 % орындалған. 2013 жылы жобаның құрылыс-монтаждау жұмыстары ағымдағы жылға жасалған шарттар шеңберінде аяқталған.

Барлығы жоба шеңберінде тұтастай алғанда 2 926 км салу және 134 бірлік көлемінде ШГТП және ГТП орнату жоспарланып отыр.

«ТАРАЗ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ГАЗ ТАРАТУ ЖЕЛІСІН ЖАҒЫРТУ»

Тараз қаласының қазіргі газбен жабдықтау жүйесі металдан жасалған құбырлардың және ондағы жабдықтардың айтарлықтай таттануымен және құбырларды пайдалану мерзімінің асып кетуімен сипатталады, олардың кейбірі 40 жылдан астам уақыт бойы пайдаланылған. Олардың барлығы ақша қаражатын талап етеді, бөлінетін қаражат газ тарату желілерін жұмыс жағдайында ұстап тұруға және газ құбырларының апаттық учаскелерін ауыстыруға ғана жетеді.

Тараз қаласын табиғи газбен сенімді әрі

үздіксіз жабдықтау, сондай-ақ газ құбырларын пайдаланудың кепілді мерзімін ұзарту және газ желілерінің өткізу қуатын сағатына 101,5 мың м³-тан 150,5 мың м³ дейін арттыру, сондай-ақ 2011 жылы шығындарды азайту мақсатында, ҚазТрансГаз «Тараз қаласының газ тарату желісін жаңғырту» жобасын іске асыруға кірісті. Жоба Тараз қаласының газ тарату жүйесін жаңғырту және қайта құру жөніндегі кешенді шараларды болжайды. Жобаны екі кезекте іске асыру жоспарланып отыр:

- 1-ші кезек (5 іске қосу кешені 2011-2016 жж.)
 - 2-ші кезек (3 іске қосу кешені 2017-2019 жж.).
- 2013 жылы 182 км газ құбырларын салу жұмыстары орындалды, 3 230 шкафтық пункттер (ШП) орнатылды.

Қызылорда қаласына газ беруді кеңейту және өңірдің өнеркәсіптік және коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындарын табиғи газбен қамтамасыз ету, сондай-ақ Қызылорда облысын газдандыру үшін техникалық база құру мақсатында жоба іске асырылуда, ол жалпы ұзындығы 231 км газ құбырларын салу жолымен қалада газ таратудың дөңгелек жүйесін қамтамасыз етуді көздейді. Сонымен қатар жоба 6 ГТП, 5 ШТП орнатуды көздейді. Бұл ретте Қызылорда қаласының Әл-Фараби, Саяхат, Жана-Ауыл шағын аудандарының, Бейбарыс, Рисмаш аудандарының, сондай-ақ Титов кенті ауданының тұрғындары мен коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындарына газ берілетін болады.

Жобаны іске асыру нәтижесінде Қызылорда қаласын 77-дан 90%-ға дейін газдандыру деңгейіне қол жеткізу болжанып отыр.

2013 жылы «ҚазТрансГаз-Алматы» АҚ «Алматы қаласына және қала аймағына газ беру» жобасын іске асыруды аяқтады. Жобамен Алматы қ. тұрғын үй секторына газ беру деңгейін 100%-ға жеткізу мақсатында шкафтық газ реттеу пункттерін монтаждаумен төменгі және орташа қысымды жаңа көшелік және кварталдық газ құбырларын жобалау және салу көзделген болатын. Алматының: Әуезов, Алатау, Бостандық, Жетісу, Медеу, Түркісіб, Алматы аудандарына және Алматы облысының Іле және Талғар аудандарын газдандыру жұмыстары орындалды.

Өткізу нарығын кеңейту және Шығыс Қазақстан облысының Зайсан қ. тұтынушыларын табиғи газбен қамтамасыз ету мақсатында жақын жердегі елді мекендерді газдандыру үшін техникалық база құрылды.

Жобаны іске асыруды бастағаннан бері барлығы 188 км газ құбыры салынды және 3 230 ШП орнатылды.

Жоба шеңберінде барлығы жалпы алғанда 929 км газ құбырын салу және жалпы 22 786 бірлік көлемінде ШП орнату жоспарланып отыр.

2012 жылғы қаңтарда жобаның 1-ші кезеңін іске асыру мақұлданды. 2012 жылы газды өткізу қабілеті сағ. 21 950 м³ болатын жоғары (жалпы ұзындығы 12 км) және төменгі (195 км) қысымды газ құбырларын салу жолымен, «Қызылорда қаласының жаңа шағын аудандарын газдандыру» жобасының 1-ші кезеңі аяқталды. Газ тарату желілерінде 6 ГТП және 5 ШТП орнатылып, пайдалануға қабылданды және абоненттерге газ беру жүзеге асырылуда.

2013 жылы 2-ші кезең іске асырылды, 23,7 км ГВД салынды, оның ішінде:

- ұзындығы 3,3 км «Оңтүстік Промзона» ауданында жоғары қысымды түйіспе газ құбырын салу жүзеге асырылды;
- Қызылорда қаласында ұзындығы 20,4 км болатын КМРТЦ-дан ГТП-1 дейін жоғары қысымды газ құбыры салынды.

Орташа және төменгі қысымды жаңа газ құбырларын пайдалануға енгізу 2025 жылға қарай шамамен 55,6 мың әлеуетті абонентті қосуға жағдай жасайды және табиғи газдың болжамды тұтыну өсімін 413 млн м³ жеткізуді қамтамасыз етеді.

01.01.2014 ж. жағдай бойынша жобаны іске асырғаннан бастап барлығы 1 150 км га құбыры салынды және 201 ШГТП орнатылды, оның ішінде:

- Алматы қаласы бойынша салынған газ құбыры – 542 км, 117 ШГТП орнатылды;
- Алматы облысы бойынша 608 км газ құбыры салынды, 84 ШГТП орнатылды.

Жобаның 1-ші кезегін іске асыру шеңберінде жалпы ұзындығы 37,8 км болатын газбен жабдықтау желілерін салу көзделіп отыр.

2013 жылдың қорытындысы бойынша

«ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫН ГАЗДАНДЫРУ»

«АЛМАТЫ ҚАЛАСЫН ЖӘНЕ ҚАЛА АЙМАҒЫН ГАЗДАНДЫРУ»

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЗАЙСАН Қ. ГАЗДАНДЫРУ

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ БІРІКТІРІЛГЕН ГАЗ ХИМИЯЛЫҚ КОМБИНАТЫНА (БГХК) ҚАРАЙ ЖОҒАРЫ ҚЫСЫМДЫ ГАЗ ҚҰБЫРЫН-БҰРЫМДЫ САЛУ

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНА ЖАЛҒАСТЫРУШЫ ГАЗ ҚҰБЫРЫН САЛУ

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫН «БЕЙНЕУ-БОЗОЙ-ШЫМКЕНТ» МГҚ ҚОСУ

18,4 км қалаішілік және кварталішілік орташа және төменгі қысымды өнімділігі жылына шамамен 15 млн м³ тарату газ

Атырау облысының химиялық өнеркәсіп объектілерін газбен қамтамасыз ету және өткізу нарығын кеңейту мақсатында 2013 жылы газ өткізу қабілеті жылына шамамен 1 млрд м³ болатын автоматтандырылған газ тарату станциясын (АГТС) және газды

Республика өңірлерінің елді мекендерін, атап айтқанда Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан қаласына салынып жатқан «Бейнеу-Бозой» МГҚ-дан газ беру, сондай-ақ елді мекен маңын газдандыру үшін техникалық база құру мақсатында 2013 жылы:

- жалпы ұзындығы 22,2 км болатын жалғастырушы газ құбыры салынды;
- қуаты 100 мың м³/сағ автоматтандырылған газ тарату станциясы

Қызылорда қаласын баламалы қуат көзі табиғи газбен қамтамасыз ету, өткізу нарығын кеңейту, қала тұрғындарының тұрмысын жақсарту мақсатында Қызылорда қаласын «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ қосу.

Жобаны іске асыру шеңберінде 2013 жылы ұзындығы шамамен 27,4 км бо-

құбыры салынды, ол Зайсан қаласының жекеменшік секторының 470 үйін газбен жабдықтауға мүмкіндік берді.

есепке алу коммерциялық торабын орнатумен қоса «Мақат – Солтүстік Кавказ» МГҚ-дан біріктірілген газ химиялық комбинатына қарай ұзындығы 7,67 км газ құбырын-бұрымды жобалау және салу жүзеге асырылған болатын.

(АГТС) орнатылды – 1 бірлік.

- бас газ реттеу пункті (БГРП) орнатылды – 2 бірлік.

Жобаны іске асыру Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласының шамамен 40 мың тұрғын үйін, 384 коммуналдық тұрмыстық кәсіпорнын, 19 аурухананы, 60 мектепті, 70 өнеркәсіптік кәсіпорынды, 215 әкімшілік ғимаратты газға қосуға мүмкіндік береді.

латын газ құбырын жобалау және салу, өткізу қуаты 160 мың м³/сағ АГТС-2 салу, газ қысымын кеміту торабын орнату жүзеге асырылды.

Жобаны іске асыру жылына 210 млн м³ табиғи газды тасымалдауға және сату көлемін арттыруға мүмкіндік береді.

«САУДА ОПЕРАЦИЯЛАРЫ»

АГТКС САЛУ

Инновациялық даму, сондай-ақ Алматы қаласының экологиясын жақсарту шеңберінде 2010 жылы ҚазТрансГаз ВГ-мен және қала Әкімдігімен бірлесіп Алматы қаласының автокөліктерін компри-мирленген табиғи газға көшіру пилоттық жобасын іске асырды. Аталған жоба шеңберінде муниципалдық автопарктің 200 автобусына қызмет көрсететін автомобиль газ толтыру компрессорлық станциясы (АГТКС) пайдалануға берілді.

2011 жылы «ҚазТрансГаз» АҚ Алматы қаласында қосымша бес АГТКС салу жөніндегі жобаны іске асыруға кірісті.

2011 жылғы мамырда «ҚазТрансГаз-Өнімдері» ЖШС-мен (50%) және KOLON Corporation-мен (50%, Оң.Корея) «АвтогазАлматы» ЖШС бірлескен кәсіпорны құрылды, ол жобалық және құрылыс-монтаждық жұмыстарына кірісіп те кетті.

2013 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жобамен мынадай негізгі жұмыстар орындалды:

- 2 АГТКС пайдалануға берілді;
- 2 АГТКС бойынша жұмыс жалғасуда. Жоспарлы пайдалануға беру мерзімі 2014 жылдың 2 тоқсаны.

Инновациялар

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның (бұдан әрі – Қоғам) инновациялық дамуын іске асыру шеңберінде Қоғамның Ғылыми-техникалық кеңесі (бұдан әрі - ФТК) құрылып, жұмыс істеп жатыр. Қоғамның ФТК-сі бірыңғай корпоративтік және салалық ғылыми-техникалық, инновациялық саясатты қалыптастыруды және іске асыруды қамтамасыз ету, Компаниялар тобы бойынша қызметін ғылыми-техникалық қамтамасыз ету бойынша жетілдіру мақсатында құрылған.

2013 жылы Қоғамның инновациялық жобаларға салатын инвестициялар үлесі 13 278 млн теңгені құрады. 2013 жыл бойы 4 инновациялық жобаны іске асыру жалғастырылды, олардың екеуі аяқталды.

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобындағы инновациялық дамыту шеңберіндегі инновациялық жобалар

ОҚО газ тарату жүйесін жаңғырту (1-ші кезең Шымкент қ.)

Жобаның мақсаты: үздіксіз газ жеткізуді қамтамасыз ету, газ ысырабын төмендету, жүйенің өткізу қуатын арттыру.

Жобамен аз қабатты сектордағы төменгі қысымды болаттан жасалған газ құбырларын орташа қысымды полиэтиленді (қызмет ету мерзімі 50 жыл) газ құбырларына ауыстыру және ескі жер асты газ құбырларын да ауыстыру көзделген. Аз қабатты үйлердегі әрбір тұтынушыда тікелей SMART-картамен қоса жеке ШГТП орнатылған.

Тараз қаласындағы газ тарату жүйесін жаңғырту

Жобаның мақсаты: үздіксіз газ жеткізуді қамтамасыз ету, газ ысырабын төмендету, жүйенің өткізу қуатын арттыру.

Жобамен ГНБ көмегімен газ құбырын салу көзделген. Аз қабатты сектордағы төменгі қысымды болаттан жасалған газ құбырларын орташа қысымды полиэтиленді (қызмет ету мерзімі 50 жыл) газ құбырларына ауыстыру.

«Жақсықоянқұлақ» күмбезінен газ іріктеу кезінде эжекторлар орнату (іске асырылды)

Жобаның мақсаты: «Жақсықоянқұлақ» күмбезінің белсенді газ көлемін болашақта жоспарлы арттыру мақсатында ДҚС қуатын арттырмай-ақ, «Жақсықоянқұлақ» күмбезінен газ іріктеуді қамтамасыз ету.

Жобамен әртүрлі қысымды, газ энергиясын аз жоғалтатын ЖГҚ екі учаскесінен келетін газ ағымын біріктіруге мүмкіндік беретін эжекторлық технологияны пайдалану арқылы КС-ті пайдалануды болдырмауды көздейді.

Ұтқыр компрессорлық станцияларды енгізу (іске асырылды)


Жобаның мақсаты: магистральдық газ құбырындағы жоспарлы немесе апаттық жөндеу жұмыстарын жүргізген кезде газ құбырының жұмыс учаскесінен шығарылатын қалдықты, оны қатар жүретін газ құбырына немесе газ жүретін ажыратқыш бекітпе кранға айдау жолымен табиғи газды кедеге жарату.

Жобамен автокөлік техникасының базасында қозғалмалы ұтқыр компрессорлық станцияларды пайдалану көзделген, ол жөндеу жұмыстары жоспарланған магистральдық газ құбырының кез келген учаскесіне компрессорларды жедел жеткізуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. ҰҚС автокөлік техникасының базасында автономды шағын контейнерлерді білдіреді, ол оларға кез келген жерде тез жиналу мүмкіндігін береді.

Тәуекелдерді басқару

Қоғамның және оның еншілес ұйымдары мен тәуелді қоғамдарының қызметі тәуекелдердің ықпалына ұшырағыш келеді. Қоғам Топтың құны мен беделіне әсер етуі мүмкін тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіру және олардың деңгейін төмендету шараларын қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрауыштарының бірі ретінде тәуекелдерді басқару маңыздылығын мойындайды. Қоғамның тәуекелдерді басқару мақсаты бизнестің стратегиялық және жедел орнықтылығындағы ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ету болып табылады. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін жүйелендіру және біріздендіру мақсатында Қоғам мыналарды әзірледі, өзекті етті және бекітті:

1. «ҚазТрансГаз» АҚ-ның ішкі бақылау жүйесі туралы № 13-02-2011 ереже (Директорлар кеңесінің 01.07.11 ж. № 9 шешімі);
2. «ҚазТрансГаз» АҚ-ның тәуекелдерді басқару саясаты № 13-01-2011 (Директорлар кеңесінің 26.10.11 ж. № 14 шешімі);
3. «ҚазТрансГаз» АҚ-ның тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау қағидалары № 13-03-2011 (Директорлар кеңесінің 01.07.11 ж. № 9 шешімі);
4. «ҚазТрансГаз» АҚ-ның тәуекелдер жөніндегі комитеті туралы № 13-04-2011 ереже (Директорлар кеңесінің 26.10.2011ж. № 14 шешімі).



2013 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН «ҚАЗТРАНСГАЗ» АҚ-НЫҢ ТӘУЕКЕЛДЕР КАРТАСЫ

	4	1			ТӘУЕКЕЛДЕРДІҢ ӘСЕРІ			
Өте жоғары								
	2	3						
Жоғары								
		9	13	8	Орташа			
	6	11			Төмен			
	5	10	16	7	12	14	15	Өте төмен

Өте төмен Төмен Орташа Жоғары Өте жоғары

ТӘУЕКЕЛДЕР ЖИІЛІГІ

Тәуекел №	Тәуекел	Өзіне тән тәуекел			Қалдық тәуекел		
		Әсері	Жиілігі	Тәуекелдің таралу жылдамдығы	Әсері	Жиілігі	Тәуекелдің таралу жылдамдығы
1	Бизнес-процестерді басқару кемшіліктері. Қайта құрылымдауға байланысты өндірістің тиімділігін бұзу немесе азайту. Компанияның басқарушылық шешіміне акционерлердің шектен тыс әсері	5	3	1	5	3	1
2	Кредиттік міндеттемелер бойынша дефолт/кросс-дефолт тәуекелі	4	1	1	2	1	1
3	«ҚазТрансГаз» АҚ-ның кепілді міндеттемелері бойынша дефолт тәуекелі	4	1	1	2	1	1
4	Касса алшақтығы тәуекелі (қолма-қол ақша тапшылығы)	5	2	1	4	2	1
5	Депозиттік салымдар бойынша банк дефолтының тәуекелі	1	1	3	1	1	1

Тәуекел №	Тәуекел	Өзіне тән тәуекел			Қалдық тәуекел		
		Әсері	Жиілігі	Тәуекелдің таралу жылдамдығы	Әсері	Жиілігі	Тәуекелдің таралу жылдамдығы
6	Теңгенің АҚШ долларына қатысты ауытқуы	2	2	5	2	2	5
7	Салынған инвестицияларды жоғалту тәуекелі	1	4	1	2	4	1
8	Қаржылық көмектің қайтарылмау тәуекелі	3	5	1	3	5	1
9	Газ сатып алу-сату (эспорт) шартының шеңберінде газ жеткізу бөлігіндегі міндеттемелердің орындалмау тәуекелі	3	3	3	3	3	3
10	Газ тасымалдау кезіндегі техногендік немесе өндірістік авария	1	2	3	1	2	3
11	«Бейнеу – Бозой – Шымкент» МГҚ пайдалануға уақытылы енгізбеу тәуекелі (Бозой – Шымкент учаскесі)	2	2	5	2	2	5
12	Ортаазиялық газдың халықаралық транзиті көлемі мен тауар-көлік жұмыстары көлемдерінің азаю тәуекелі	1	4	3	1	4	3
13	Халықаралық газ тасымалы үшін тарифтің ұлғаймау тәуекелі	3	4	3	3	4	3
14	Экологиялық тәуекел	1	5	5	1	5	5
15	Күзгі-қысқы кезеңде ҚР оңтүстігіне өзбек газын жеткізу тапшылығының тәуекелі	1	5	1	1	5	1
16	Тауарлық газды ішкі нарыққа тасымалдауға арналған тарифтің бекітілмей қалу тәуекелі	1	3	1	1	1	1

ТӘУЕКЕЛДЕР ТІЗІЛІМІ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАРЫНША АЗАЙТУ ЖӨНІНДЕГІ 2013 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ*

Тәуекел №	Қойылған міндеттерге/мақсаттарға жету үшін тәуекел немесе қауіп	Тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі іс-шаралар жоспары				
		Тәуекелді басқару жөніндегі іс-шаралар	Іс-шаралардың бағалау құны, млн USD.	Іс-шараны іске асыру мерзімі	Бизнес-жоспармен көзделген (ИЯ/ЖОҚ)	Іс-шараға жауапты тұлға/құрылым
1	Бизнес-процестерді басқару кемшіліктері. Қайта құрылымдауға байланысты өндірістің тиімділігін бұзу немесе азайту. Компанияның басқарушылық шешіміне акционерлердің шектен тыс әсері	ҚТГ тобын қайта құрылымдау тұжырымдамасы әзірленіп, акционерге жіберілді. ҚТГ-ны қайта құрылымдау мәселелері жөніндегі дью-дилідженс өткізілді, «ҚМГ» АҚ Басқармасы мақұлдаған ҚТГ-ны қайта құрылымдаудың іс-шаралар жоспары бойынша тәуекелдер анықталды, «ҚазТрансГаз» АҚ тобын қайта құрылымдау сценарийі ұсынылды	0	2013 ж.	ЖОҚ	АБД

Тәуекел №	Қойылған міндеттерге/ мақсаттарға жету үшін тәуекел немесе қауіп	Тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі іс-шаралар жоспары				
		Тәуекелді басқару жөніндегі іс-шаралар	Іс-шаралардың бағалау құны, млн USD.	Іс-шараны іске асыру мерзімі	Бизнес-жоспармен кезделген (ИЯ/ЖОҚ)	Іс-шараға жауапты тұлға/ құрылым
2	Кредиттік міндеттемелер бойынша дефолт/кросс-дефолт тәуекелі	ҚТГ кепілдік берген ЕТҰ қарыздарының мониторингі, ЕТҰ және ҚТГ бойынша ковенанттарды талдау және болжау. Кросс-дефолтқа әкелуі ықтимал оқиғаларды талдау. Дефолт пен кросс-дефолтты болдырмау үшін қажет болған кезде қайта құрылымдау		2013 ж.	ия	КҚЖҚД
3	ҚТГ-ның кепілді міндеттемелері бойынша дефолт тәуекелі	Міндеттемелер бойынша шектеулер бұзушылықтарын болдырмау үшін ЕТҰ-ның қаржылық көрсеткіштерін мониторингілеу және өзекті ету		2013 ж.	жоқ	КҚЖҚД
4	Касса алшақтығы тәуекелі (қолма-қол ақша тапшылығы)	Кэш-флоуды болжамдау, кредиттік желілер ашу және қолдау, аккредитивтерді пайдалану, дебиторлық қарыз жөніндегі жұмыс дебиторлық және кредиторлық берешекті оңтайландыру жөніндегі жұмыс		2013 ж.	ия	КҚЖҚД
5	Депозиттік салымдар бойынша банк дефолтының тәуекелі	Депозиттер орналастырылған банктердің кредиттік рейтингтерінің мониторингі		2013 ж.	жоқ	КҚЖҚД
6	Теңгенің АҚШ долларына қатысты ауытқуы	Валюта бағамдарын реджирлеу жөніндегі іс-шаралар қаралады		2013 ж.	жоқ	КҚЖҚД
7	Салынған инвестицияларды жоғалту тәуекелі	ҚР-да өткен УАК барысында, ҚР-дан жұмыс тобымен салынған инвестицияларды қайтару жөніндегі одан әрі іс-қимыл сөз болды		2013 ж.	жоқ	АБД
8	Қаржылық көмектің қайтарылмау тәуекелі	Астана қ. 2013 ж. сәуірде қазақстан-грузин УАК өтті, оның барысында көрсетілген қаржылық көмекті қайтару жөнінде одан әрі жоспарлар туралы шешім қабылданды		2013 ж.	жоқ	АБД
9	Газ сатып алу-сату (экспорт) шартының шеңберінде газ жеткізу бөлігіндегі міндеттемелердің орындалмау тәуекелі	Газ беруге арналған шарттар жасасу мақсатында өнім берушілермен келіссөздер жүргізу.		2013 ж. қаңтар-желтоқсан	жоқ	АБД
10	Газ тасымалдау кезіндегі техногендік немесе өндірістік авария	1) КС желілік бөлігі мен жабдықтарын күрделі жөндеу; 2) техникалық персоналды оқыту/біліктілігін арттыру		тұрақты		ГТЖБД, МГҚЖБД
11	«Бейнеу – Бозой – Шымкент» МГҚ пайдалануға уақытылы енгізу тәуекелі (Бозой – Шымкент учаскесі)	ҚМР уақытылы орындау, құрылыс көлеміне тұрақты мониторинг жүргізу		тұрақты		МГҚЖБД
12	Ортаазия газы халық-аралық транзиті мен тауарлық-көліктік жұмыстар көлемдерінің азаю тәуекелі	Газ тасымалдаудың жоспарлы көлемдерін айқындау бойынша «Газпром» ААҚ-мен жұмыс, ТТР көлемдерін ай сайын мониторингілеу, жоспарлы көрсеткіштерден ауытқу себептерін талдау. Қоғам бюджетінің орындалуына уақытылы және сапалы мониторинг жүргізу. Уақытылы түзету іс-қимылдарын, оның ішінде бюджетті түзетуді, шығыстарды оңтайландыруды жүргізу		2013 ж.		ИОА басшылары

Тәуекел №	Қойылған міндеттерге/ мақсаттарға жету үшін тәуекел немесе қауіп	Тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі іс-шаралар жоспары				
		Тәуекелді басқару жөніндегі іс-шаралар	Іс-шаралардың бағалау құны, млн USD.	Іс-шараны іске асыру мерзімі	Бизнес-жоспармен кезделген (ИЯ/ЖОҚ)	Іс-шараға жауапты тұлға/ құрылым
13	Халықаралық газ тасымалы үшін тарифтің ұлғаймау тәуекелі	«Газпром» ААҚ-мен транзиттік тариф есептеу әдістемесін әзірлеу және келісу. Тарифтің өсуі мен тарифті анықтау формуласына өту қажеттілігін негіздейтін құжаттарды дайындау. «ҚТГ» АҚ, «ҚМГ» ҰК АҚ-пен тарифті ұлғайту мәселесінде бірыңғай саясатты айқындау үшін келіссөздер жүргізу. «Газпром» ААҚ-пен келіссөздер жүргізу.		2013 ж.		ИОА басшылары
14	Экологиялық тәуекел	Өндірістік экологиялық бақылау (ӨЭБ) бағдарламаларын әзірлеу, өндірістік экологиялық мониторингті жүзеге асыру. ӨЭБ-ге операциялық мониторинг, эмиссия мониторингі, қоршаған ортаға әсер ету мониторингі кіреді. Табиғат қорғау іс-шараларының жоспарын жасау және оларды орындау жөніндегі есептер. Ауаға зиянды заттардың шығындыларын, ағын суларға ЗЗ лақтыруды, өндіріс пен тұтыну шығылымдарын азайту жөнінде іс-шаралар өткізу. Парник газдарын түгендеу. Экологиялық аспектілерді сәйкестендіру және бағалау. Ауаға зиянды заттардың шығындыларын, өндіріс пен тұтыну шығындыларын мен қалдықтарын есепке алу және бақылау (ПВБ жобалары мен лимиттерге сәйкес). ПДВ, ПДС, ПНРО жобаларын әзірлеу. Қоршаған ортаға залал келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті экологиялық сақтандыру және экологиялық залалдарға төлем төлеу кезінде сақтандырушылардың қатысуы. Жоспарлы-ескерту жұмыстарын жүргізу, тазарту ғимараттарын салу.		2013 ж.		Қоғам, ИОА басшылары
15	Күзгі-қысқы кезеңде ҚР оңтүстігіне өзбек газын жеткізу тапшылығының тәуекелі	2012 жылы оңтүстік ГЖҚ жоспарланған газ айдау 400 млн текше м көлемінде	34,86 (өзіндік құны 34,16, сақтау – 0,70)	2013 ж.	ия	ИОА басшылары
16	Тауарлық газды ішкі нарыққа тасымалдау-ға арналған тарифтің бекітілмей қалу тәуекелі	1. АГҚ 01.03.2013 ж. № KAZ-OT-36 хатымен ТМРА-ға жалпы тәртіппен тариф жобасы мен тарифтік сметаны бекітуге дейін АГҚ нормативтік-техникалық құжаттамасын кезең-кезеңмен бекітуге (нормативтік техникалық шығынның ұсынылатын деңгейлері, шикізаттың, материалдардың, отынның, энергияның техникалық және технологиялық шығыстар нормалары) жіберді. 2. ТМРА-де АГҚ инвестициялық бағдарламаларын бекіту, олар мыналарды қамтиды: 1) бекітілген нормативтік-техникалық құжаттама; 2) ТМРА-мен келісілген ағымдағы және күрделі жөндеуге арналған шығындардың жылдық сметасы, негізгі қаражат құнының өсуіне алып келетін жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары, есепке алу саясаты. 3. Инвестициялық бағдарламаны құру жөніндегі қызметтерді тарту, жалпы тәртіппен бекіту үшін «Қазақстан-Қытай» магистральдық газ құбыры бойынша Қазақстан Республикасының ішкі нарығына тауарлық газ тасымалдауға арналған тариф пен тарифтік смета жобасын қалыптастыру, есеп-айырысу және ТМРА-ға ұсыну	3,37	2013 ж.	ия	АГҚ ЖШС басшылары

Сапа менеджменті жүйесі

«ҚАЗТРАНСГАЗ» АҚ

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның сапа менеджменті жүйесін (СМЖ) қолдану саласы – Қазақстан Республикасында газды барлау, өндіру, тасымалдау, бөлу және сату кезінде активтерді корпоративтік басқару жөніндегі қызметтер.

2013 жылғы қыркүйекте «ҚазТрансГаз» АҚ-нда ИСО 9001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес келетін СМЖ сертификаттау аудиті табысты өтті. «ҚазТрансГаз» АҚ СМЖ сертификаттау аудиті «Русский Регистр Евразия» ЖШС сертификаттау жөніндегі халықаралық органның аудиторларымен өткізілген болатын.

«ҚазТрансГаз» АҚ-нда 2013 жылы «ҚазТрансГаз» АҚ-ның басқару жүйесін, сондай-ақ оның еншілес және тәуелді ұйымдарын үздіксіз жетілдіру және дамыту мақсатында мынадай стратегиялық мақсаттар айқындалып, бекітілді:

- «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының персоналы еңбегін қорғауды, объектілерінің, ғимараттары мен құрылыстарының өнеркәсіптік, өрт, экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар жоспарларын орындау;
- газды магистральдық және өңірлік тасымалдауға салынған күрделі салымдардың жоспарлы көрсеткіштерін игеруге қол жеткізу;
- бұрынғы көрсеткіштермен салыстырғанда жобалық қуаттардың өсуін қамтамасыз ету;
- инвестицияларды қайтару коэффициентіне қол жеткізу;
- Компанияның қолда бар міндеттемелерінің кovenantтары бойынша сәйкестіктерді сақтау;
- сыртқы контрагенттерге қатысты Қоғамның оң корпоративті имиджін қолдау;
- «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобында персоналдың жұмыстан кетуінің орташа көрсеткішін қамтамасыз ету;
- «ҚазТрансГаз» АҚ үшін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы қазақстандық қамту үлесін қамтамасыз ету;
- Корпоративтік басқару рейтингін алу;
- сертификаттау және бақылау аудиттерінің қорытындылары бойынша ИСО 9001 халықаралық стандарт талаптары жүйесіне сәйкестік туралы «ҚазТрансГаз» АҚ СМЖ сертификаттау жөніндегі органның оң баға алу.

Менеджмент жүйелерін дамыту саласында «ҚазТрансГаз» АҚ құрылымдарының және оның ЕТҰ-ның қызметін үйлестіруді интеграцияланған менеджмент жүйесін басқару жөніндегі қызмет (ИМЖ) жүргізеді.

2013 жылы компанияның қолданыстағы ИМЖ автоматтандырылған деректер базасын қолдау және жақсарту жөніндегі іс-шаралар іске асырылды.

Сонымен қатар 2013 жылы СМЖ жақсарту жөніндегі жұмыстардың тиімділігін арттыру үшін компания менеджмент жүйесін дамыту жөнінде персоналды оқытуды жүргізді.



«ИНТЕРГАЗ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ» АҚ

«Интергаз Орталық Азия» АҚ-нда ISO 9001:2008., ISO 14001:2004 и OHSAS 18001:2007 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігін растайтын интеграцияланған менеджмент жүйесі жұмыс істейді.

2013 жылы еншілес ұйым «Интергаз Орталық Азия» АҚ-мен ISO 9001:2008 интеграцияланған менеджмент жүйесіне, ISO 14001:2004 қоршаған ортаны қорғау менеджмент жүйесіне, OHSAS 18001:2007 денсаулық және еңбек қауіпсіздігін қорғау менеджмент жүйесіне бақылау аудиті өткізілді. Қолданыстағы менеджмент жүйесінің шеңберінде оқыту жұмыстары жүргізілді. «Интергаз Орталық Азия» АҚ-нда ИМЖ бақылау аудиті Orion Registrar, Inc., USA сертификаттау жөніндегі халықаралық органы аудиторларымен өткізілді.

«ҚАЗТРАНСГАЗ – АЛМАТЫ» АҚ

«ҚазТрансГаз Алматы» АҚ-нда ISO 9001:2008, ISO 14001:2004 және OHSAS 18001:2007 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес интеграцияланған менеджмент жүйесі әрекет етеді.

2013 жылдың басында «ҚазТрансГаз - Алматы» АҚ-нда TUV Thuringen сертификаттау жөніндегі халықаралық органы аудиторларымен өткізілген ISO 9001:2008, ISO 14001:2004 және OHSAS 18001:2007 стандарттарының талаптарына сәйкестігіне ИМЖ сертификаттау аудиті өткізілді. ИМЖ-ді 2014 жылы оңтайландыру және жақсарту жөніндегі жұмыс жоспары әзірленді.

«ҚАЗТРАНСГАЗ АЙМАҚ» АҚ

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның ISO 9001-2009 СМЖ ұлттық стандартының және ISO 9001:2008, ISO 14001:2004 және OHSAS 18001:2007 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес сертификатталған интеграцияланған менеджмент жүйесі бар.

2013 жылы еншілес ұйым «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-нда ISO 9001 ұлттық стандартының және ISO 9001:2008, ISO 14001:2004 және OHSAS 18001:2007 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігін растауға арналған ИМЖ ре-сертификаттау аудиті өткізілді. «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның ИМЖ Ре-сертификаттау аудиті TUV Thuringen сертификаттау жөніндегі халықаралық орган аудиторларымен және InterCert сертификаттау жөніндегі ұлттық органмен өткізілген болатын. Жоғары басшыларға, менеджерлер мен әкімшілік персоналға арналған тренинг өткізілді.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның қызметкерлері 2013 жылы сапалы менеджерлер халықаралық форумына және конференцияларына қатысты.

«АМАНГЕЛДІ ГАЗ» ЖШС

«Амангелді Газ» ЖШС-да ҚР СТ ИСО 9001-2009, ҚР ТС ИСО 14001-2006 ұлттық стандарттарына және OHSAS 18001:2008 техникалық ерекшелікке сәйкестігіне интеграцияланған менеджмент жүйесі әрекет етеді.

2013 жылғы наурызда «Амангелді Газ» ЖШС-нда КазСерт сертификаттау жөніндегі ұлттық орган аудиторларымен өткізілген ҚР СТ ИСО 9001-2009, ҚР ТС ИСО 14001-2006 және OHSAS 18001:2008 стандарттарының талаптарына сәйкестігіне бақылау аудиті өткізілді.

«Амангелді Газ» ЖШС мамандарды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру шеңберінде қызметкерлерін оқытты.

«ҚАЗТРАНСГАЗ» АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ БОЙЫНША МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ

«ҚазТрансГаз» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдары		«Интергаз Орталық Азия» АҚ	«ҚазТрансГаз Алматы» АҚ	«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	«Амангелді Газ» ЖШС	
СТАНДАРТТАР	ISO 9001	Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар	2012 ж. сертификатталған Orion Registrar, Inc., USA сертификаттау жөніндегі орган	2013 ж. сертификатталған TUV Thüringen сертификаттау жөніндегі орган	2013 ж. сертификатталған TUV Thüringen сертификаттау жөніндегі орган	2012 ж. сертификатталған «КазСерт» ЖШС сертификаттау жөніндегі орган
	ISO 14001	Қоршаған орта менеджменті жүйесі	2012 ж. сертификатталған Orion Registrar, Inc., USA сертификаттау жөніндегі орган	2013 ж. сертификатталған TUV Thüringen сертификаттау жөніндегі орган	2013 ж. сертификатталған TUV Thüringen сертификаттау жөніндегі орган	2012 ж. сертификатталған. «КазСерт» ЖШС сертификаттау жөніндегі орган
	OHSAS 18001	Денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесі	2012 ж. сертификатталған Orion Registrar, Inc., USA сертификаттау жөніндегі орган	2013 ж. сертификатталған TUV Thüringen сертификаттау жөніндегі орган	2013 ж. сертификатталған TUV Thüringen сертификаттау жөніндегі орган	2012 ж. сертификатталған «КазСерт» ЖШС сертификаттау жөніндегі орган

Бүгінгі таңда «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының менеджмент жүйесі халықаралық және ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес интеграцияланған, ол тұрақты және серпінді дамып келеді. Ондағы қызмет басқарудың барлық кезеңдерін: тұтастай алғанда Компанияның басқару жүйесін одан әрі жақсарту мақсатында жо-спарлауды, орындауды, бақылауды, талдауды сипаттайтын белгіленген бизнес-про-цестерге сәйкес жүзеге асырылады.

Қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

«ҚАЗТРАНСГАЗ» АҚ-НЫҢ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҮЙЛЕСТІРУ ЖҰМЫСЫ

«ҚазТрансГаз» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) компаниялар тобының өндірістік объектілерінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті, өрт қауіпсіздігін, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілеріне, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның «Еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесіне» (ЕҚББЖ), «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның ЕҚББЖ, «ҚазТрансГаз – Алматы» АҚ-ның ЕҚББЖ, «ҚазТрансГаз – Аймақ» АҚ-ның ЕҚББЖ сәйкес жүргізілді.

«ҚазТрансГаз» АҚ-нда өндірістік жарақат алу, апаттар, қақтығыстар, өрт және басқа да техногендік сипаттағы ТЖ алдын алу мақсатында кешенді ұйымдастыру және практикалық шаралар өткізілді.

«ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасының 2013 жылғы 8 сәуірдегі № 8 хаттамалық шешімімен:

- «ҚазТрансГаз» АҚ-ның 2013-2017 жылдарға арналған қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі кешенді бағдарламасы;
- «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобында қауіпсіздік және еңбекті қорғауды басқару қағидасы бекітілді.

«ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2013 ж. 30 қаңтардағы №1 хаттама) еншілес және тәуелді ұйымдардың (бұдан әрі - ЕТҰ) қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметтерінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және экологияны қорғау департаментіне жедел бағынулары туралы Үлгі ереже бекітілді.

Көрсетілген құжаттарды қабылдау қауіпсіздікті және еңбекті қорғауды басқару жүйесін жетілдіруге, бюджеттеу, жоспарлау, есептілік жөніндегі құжаттарды бір ізге салуға және ЕТҰ-мен жедел өзара іс-қимыл жасауды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Бекітілген кестеге сәйкес өткен жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның өкілдерімен бірлесіп, «ҚазТрансГаз – Алматы» АҚ-ның, «Автогаз Алматы» ЖШС-ның, «Бейнеу – Шымкент Газ құбыры» ЖШС (бұдан әрі – БШГ), «Азиялық Газ құбыры» ЖШС (бұдан әрі – АГҚ), «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның «Атырау», «Орал» МГҚБ, «Южный» бөлімшесі, «ҚазТрансГаз – Аймақ» АҚ-ның Атырау, Орал өндірістік филиалдары мен орталық аппаратының еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жай-күйіне тексерулер жүргізілді.

Тексерулердің нәтижелері бойынша жұмыстарды жүргізу жөніндегі ұсынымдар дайындалып, шаралар қабылдау үшін еншілес және тәуелді ұйымдарға (бұдан әрі – ЕТҰ) жіберілді. Маусым айында Шымкент қ. «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның оқу комбинатының базасында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның жыл сайынғы кеңесі өткізілді, оған «ҚазТрансГаз» АҚ-ның барлық еншілес және тәуелді ұйымдарының өкілдері қатысты.

Ағымдағы жылғы екінші тоқсанда Қоғамның қызметкерлері өрт қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Үйлестіру кеңесінің отырыстарына қатысты.

Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға бірыңғай көзқарас пысықтау мақсатында қазақстан-қытай «АГҚ» және «БШГҚ» мамыр айында «Таплайн» кытай компаниясының өкілдерімен кездесу өткізілді. Аталған кеңестің хаттамалық шешімдерімен коммуникация үдерістері мен жұмыстарды үйлестіруді жетілдіру үшін осындай кездесулерді, өндірістік объектілерді қытай тарапымен бірлесіп


инспекциялық тексеруді тұрақты түрде өткізіп тұру айқындалды; АГҚ және БШГҚ басшыларына еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөнінде басқарушы комитеттер құру ұсынылды;

Осылайша 2013 жылғы 4 тоқсанда АГҚ және БШГҚ объектілеріне бірлескен инспекция жүргізілді.

Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы өзара қатынастар мен ынтымақтастықты жетілдіру мақсатында 2014 жылғы қаңтарыдың бірінші онкүндігінде Пекин қаласында көрсетілген мәселелер бойынша төртжақты кеңес өткізілді.

Кеңес хаттамасымен өндірістік объектілерді бағалаудың бірқатар өлшемдерін пайдалана отырып, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы халықаралық стандарттарды пилоттық енгізуді бастау шешілді.

2013 жылдың 12 айында Қоғам бойынша бесінші және алтыншы деңгейдегі 24 тексеру өткізілді. Мемлекеттік бақылаушы органдармен 76 тексеру өткізілді: ТЖМ – 35; МСЭБ – 20; ЕжХӘҚМ – 3; прокуратура органдары – 11; және ҚОҚМ – 7.



- жұмыс берушінің ГПО сақтандыру;
- медтексеріс және аусымалды куәландыру;
- нұсқау беру, жаттығулар.

Есепті кезеңде еңбекті қорғауға 837 182,39 мың теңге жұмсалды.

Есепті кезеңде өндіріске байланысты жазатайым жағдайларға жол берілген жоқ.

2013 жылғы қарашада, «ҚазТрансГаз» АҚ-ның барлық компаниялар тобында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметтері басшыларының қатысуымен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша кеңейтілген кеңес өткізілді, оның хаттамалық шешімімен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды басқару жүйесін одан әрі жетілдіру, қызметкерлерді уәждемелеу, қауіпсіздік және сәйкестендіру тәуекелдерін ескеріп жұмысшы персоналды оқыту бағдарламасын түзету шараларын насихаттаудың бірқатар шаралары айқындалды.

Қоғамның компаниялар тобы бойынша тізімдік саны 2013 жылы 13 834 адамды құрады. Оның ішінде 6 240 адам зиян және қауіпті еңбек жағдайында жұмыс істейді.


ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

Еңбекті қорғау саласындағы заңнамалық талаптарға сәйкес:

- көпдеңгейлі бақылау;
- оқыту және білімдерін тексеру;
- еңбек жағдайларына қарай объектілерді аттестаттау;
- еңбектің санитарлық-гигиеналық жағдайлары;
- арнайы киіммен қамтамасыз ету;

ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУШЫЛЫҚ ЖӨНІНДЕГІ КӨРСЕТКІШТЕР

Жазатайым оқиғалардың саны



ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Өткен кезеңде Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және экологияны қорғау департаментінің қызметкерлері «Карбон Лимитед» норвегия компаниясы әзірлеген парник газдарын мониторингтеу жоспарының жобасын ұсыну жөніндегі семинарға қатысты. Көрсетілген мониторингтеу жоспарының қаралған жобасы бойынша Қоғаммен жобаны жетілдіру жөнінде ресми ұсыныстар берілді.

Қазақстанның Киото хаттамасының екінші кезеңіне міндеттемелер алуына байланысты Қоғам парник газдарының шығарындыларын азайту және квоталарды саудалау жөніндегі жобаларды әзірлеу саласында тәжірибе алмасу мақсатында шетелдік газ тасымалдау компанияларына баруға дайындықты бастады.

Парник газдары шығарындыларының көздерін жыл сайынғы түгендеу және парник газдарының паспорттарын мемлекеттік кадастрда одан әрі тіркеу үшін уәкілетті органға тапсыру жөніндегі жұмыс жалғастырылды.

Парник газдарының шығарындыларына квоталарды бөлу жөніндегі ұлттық жоспарға Қоғамның компаниялар тобынан «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның объектілері кірді. Қоғамның басқа компаниялар тобының объектілерінен парник газдарының шығарындылары жылына 20 000 тоннадан азды құрады.

Қазіргі уақытта «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның объектілері үшін парник газдары бойынша квоталарға арналған сертификаттар алынған.

Өткен кезеңде Қоғамның компаниялар тобы бойынша қоршаған ортаны қорғауға бөлінген 613 505 мың теңге игерілді. Экологиялық төлемдер 287 336,86 мың теңгені құрады. Уәкілетті органмен келісілген табиғат қорғау іс-шараларын орындауға 3 555 295,68 мың теңге игерілген.

ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК

Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі өз қызметінде «ҚазТрансГаз» АҚ «Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы» ҚР Заңын басшылыққа алады.

Көрсетілген Заңды орындау мақсатында «Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, нұсқама беру және олардың білімдерін тексеру қағидалары мен мерзімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2011 жылғы 28 қазандағы № 1225 қаулысымен Қоғамның Бас директорының 2012 жылғы 11 қыркүйектегі № 130 бұйрығымен Қоғамның орталық аппаратының еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша оқытуға және білімдерін тексеруге жататын қызметкерлерінің тізімі белгіленді. Осы бұйрыққа сәйкес есепті жылы Қоғамның басқару аппараты өндірістік блогының қызметкерлерін оқыту және білімдерін тексеру ұйымдастырылды және жүргізілді.

Өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнама талаптарына сәйкес:


- диагностикалау, құбыр жолдарын тексеру;
- құбыр жолдарын жөндеу, ауыстыру және қайта оқшаулау, жабдықтарды жаңғырту;
- қысыммен жұмыс істейтін түтікшелерді уақытылы қуәландыру;
- газ құбырларының, компрессорлық станцияларының, газ тарату станцияларының және пункттерінің белгіленген штаттық жұмыс режимдерін қамтамасыз ету;
- өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі декларацияларды әзірлеу;
- мүмкін болатын апаттарды жою жоспарын әзірлеу;
- өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласында қызметкерлерді оқыту және олардың білімдерін тексеру;
- өрттен қорғану және атқымаға қарсы қауіпсіздік шарттарын жасасу;
- өрт автоматикасы және қорғаныс жүйелеріне қызмет көрсету;
- өрт сөндіру құралдарын сатып алу.

Өнеркәсіптік қауіпсіздікке 20 484 425,04 мың теңге игерілген, өрт қауіпсіздігіне 1 005 953,36 мың теңге игерілген.

Өткен кезеңде Қоғамның компаниялар тобы бойынша өндірістік апаттар мен өртке жол берілген жоқ.

АПАТТЫҚ ЖӨНІНДЕГІ КӨРСЕТКІШТЕР

— Техногендік апаттардың саны



Әлеуметтік жауапкершілік

КАДРЛЫҚ САЯСАТ

Қоғам бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін сезіне отырып, әлеуметтік прогреске және қоғамның әл-ауқатының өсуіне жәрдемдесуге, өңірлер халқының тұрақты дамуына және салауаттылығына, өз қызметкерлерінің әл-ауқат деңгейін арттыруға күш-жігер салады. Қоғам саясатының негізі – әрбір қызметкердің қамы, әлеуметтік мәселелерді шешу басымдығы.

Бүгінгі өзгерістер тұрғысынан ұйымның сыртқы орта жағдайларына сәйкестігін қамтамасыз ететін инновацияларды уақтылы енгізу қажеттілігі бар. Бұл ретте кадрлық саясаттың қызметкерлердің негізгі мүдделерін қозғайтын (мысалы, жұмыспен қамту, еңбекақы төлеу саясаты), алдын ала біліп отыруға және тұрақты болуға тиіс бөлігінен басқа, кадрлық саясат үнемі өзгеріп отыратын сыртқы ортаның жаңа талаптарына жауап ретінде іске асырылуына қарай пысықталып отырады.

Кадрлық саясат персоналмен жұмыс саласындағы үздік тәжірибені ескере отырып, осылайша, бірыңғай тәсілді қалыптастыруға және ҚТГ-ның персоналды басқару саласындағы құндылықтарының корпоративтік жүйесін әзірлеуге мүмкіндік жасаумен кадрлық менеджменттің бар тәсілдерін, жолға қойылған әдістері мен құралдарын біріктіруге шақырады.

Әзірленетін Кадрлық саясаттың негізіне мынадай базалық қағидаттар алынған:

- **Ашықтық** – адам ресурстарын басқару процесінің барлық кезеңіндегі ашықтық;
- **Кешенділік** – персоналды басқару қызметінің барлық салаларын қамту;
- **Жүйелілік** – саясаттың өзара байланыстағы барлық құраушы элементтерін қарау;
- **Негізділік** – персоналды басқару саласында ең жоғары экономикалық және әлеуметтік нәтижені қамтамасыз ете алатын қазіргі заманғы ғылыми әзірлемелерді пайдалану;
- **Тиімділік** – персоналды басқару саласындағы іс-шаралар шығындары өндірістік қызмет нәтижелерімен өтелуі тиіс.

Қоғамның компаниялар тобы ұжымдарда дұрыс жұмыс микроахуалын жасауға бағытталған әлеуметтік сипаттағы төлемдерді өсіруге көп көңіл бөледі, бұл қызметкерлердің өздерінің негізгі функцияларын табысты орындауға мүмкіндік береді. «ҚазТрансГаз» АҚ өзінің қызметкерлеріне медициналық сақтандыруды, материалдық көмекті, оның ішінде еңбек демалысы кезінде қызметкерлерді емдеуге және сауықтыруға арналған көмекті қамтитын әлеуметтік қызметтер пакетін және т.б. ұсынады. Ұжымдық шарттар және Еңбекақы төлеу және әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларының негізінде 2013 жылы Қоғамның компаниялар тобы қызметкерлеріне материалдық көмектің мынадай негізгі түрлері төленді:

- демалыста сауықтыруға арналған материалдық көмек - 2 051 710 мың теңге;
- бала туылған кезде – 130 630 мың теңге;
- тұрғын үйлерге байланысты өтемақы төлеу (қарыз алған қызметкерлер саны) – 561 032 мың теңге;
- өзге төлемдер (некеге тұрған кезде, зейнеткерлікке шыққан кезде, жұмыс істемейтін зейнеткерлерге көмек, ерекше жағдайларда емдеуге және операцияларға ақы төлеуге және т.б.) – 545 834 мың теңге.

2013 жылы Қоғам Кәсіподақпен бірлесіп, мынадай іс-шаралар өткізді: Қоғамның компаниялар тобы қызметкерлерінің арасында Жазғы және Қысқы спартакиадалар, балаларға арналған іс-шаралар (сыйлықтар, ойын-сауық іс-шаралары ұйымдастырылды) және т.б.

Балаларға арналған іс-шараларды өткізуге және қызметкерлер мен қызметкерлер балаларының демалысына 2013 жылы 114 916 мың теңге бөлініп, игерілді.

ҚТГ компаниялар тобы бойынша әлеуметтік төлемдердің жалпы сомасы (жұмыс берушілердің әлеуметтік төлемдерін ескере отырып) 2013 жылы 1 627 002 мың теңгені құрады.

КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕ- РІН ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

Қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің еңбек жағдайлары, өмір сүру сапасын қамтамасыз ету үшін Топтың бюджеттерінде жыл сайын Қазақстанның ең үздік клиникаларындағы медициналық қызметтердің кең спектрін қамтитын ерікті медициналық сақтандыруға қаражат көзделеді. Бұл ретте қызметкерге медициналық қызмет көрсету бағдарламасына сәйкес медициналық қызметтердің бүкіл спектрін ұсынудан қатар дәл сол шарттарда оның отбасына (ері, зайыбы және балалары) қызмет көрсету көзделген. Бұдан басқа, сақтандыру компаниясы ұсынатын қызметтердің аясында физиологиялық жүктілік патронажы көзделген.

Мәселен, егер 2013 жылы Қоғамның компаниялар тобының қаражаты есебінен жалпы сомасы 562,7 млн теңгеге қызметкерлерді медициналық сақтандыру, оның ішінде 26,7 млн теңгеге «ҚазТрансГаз» АҚ-ның қызметкерлерін сақтандыру жүзеге асырылды.

Газ саласы қызметкерлерінің көпшілігінің жұмысы магистральдық газ құбырына байланысты және бір жағынан, қатаң климаттық жағдайлармен (ауыз судың жайкүйі, шаңды дауыл және т.б.), ал екінші жағынан, транзиттік газ құбырлары көбінесе елдің экологиялық жағынан қолайсыз өңірлері арқылы өтетіндігімен сипатталатыны белгілі.

«Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» ҚР заңнамасына сәйкес Арал өңіріндегі тұрғындарға негізгі жалақыларына 20 %-дан 50 %-ға дейінгі мөлшерде экологиялық коэффициент есептеледі, сондай-ақ саны 6-дан 12 күнге дейін қосымша демалыс беріледі.

Қызметкерлердің ауруларының алдын алу, сондай-ақ демалыс кезеңінде оларды емдеу мен оңалту жөнінде жұмыс жүргізіледі.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН ОЛАРДЫҢ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫ, ӨМІР СҮРУ САПАСЫ

Қоғам әлеуметтік сипаттағы төлемдерді өсіруге көп көңіл бөледі, олардың қомақты үлесін әлеуметтік төлемдер мен кепілдіктер құрайды. Ең алдымен олар әлеуметтік әріптестік негізінде ұжымдардағы дұрыс жұмыс микроахуалын құруға бағытталған, бұл өздерінің негізгі функцияларын табысты орындауына мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, Қоғамда қызметкерлердің кәсіптік одақтарының қоғамдық бірлестіктері жұмыс істейді, жұмыс шеңберінде олармен қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасында ұжымдық шарттар жасалған, олар қызметкерлерге еңбек заңнамасында белгіленгеннен едәуір асып түсетін әлеуметтік кепілдіктерді, төлемдерді және өтемақылар мен жеңілдіктерді көздейді, мысалы:

- алғашқы некеге тұруға, бала туылуына байланысты, жақындарының қайтыс болуына байланысты жерлеуге және т.б. арналған төлемдер;
- жоғарыда көрсетілген жағдайларға байланысты қосымша ақы төленетін демалыстар;
- қызметкерлердің санаторлық-курорттық емдеу құнының және компания қызметкерлерінің балаларына балаларға арналған сауықтыру лагерлеріне жолдамалар құнының 75 %-ына және одан астам бөлігіне ақы төлеу;
- және т.б. сияқты.

КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕ- РІН ДАЯРЛАУ, ОҚЫТУ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ

Серпінді дамып келе жатқан компания бола отырып, жаңа өңірлерді игерумен Қоғам тиісінше еншілес және тәуелді ұйымдар қызметкерлерінің жалпы санын өсіруде. Персоналдың қозғалысы барынша болжанатын, жоспарланатын және компанияны дамытудың жалпы тұжырымдамасына сәйкес келетін болуға тиіс екенін назарға ала отырып, оның кадрлық әлеуетін күшейту үшін барлық мүдделі тараптар: студенттер, білім беретін ұйымдардың өкілдері және Қоғам үшін жалпы кешенді тәсіл қажет. Сондықтан пайда болатын бос орындарды жоспарлы түрде толтыру мақсатында, сондай-ақ қандай да бір бағыттағы лауазымға қойылатын талаптарға жауап беретін жас мамандар тобын қалыптастыру үшін ЕТҰ-да Жас мамандарды даярлау қағидалары әзірленіп, бекітілді. Бұл ішкі құжат жас мамандарды даярлауға қажеттілікті айқындау, кандидаттарды жинау тәртібін, Қазақстан Республикасының, таяу және алыс шетелдің оқу орындарына оқуға жіберу тәртібін сипаттайды. Қазіргі уақытта штаттан тыс кадр әлеуетін дамыту жөніндегі комиссияның құрамы бекітілді, осы мәселе бойынша жоғары оқу орындарымен хат алысу жүргізілуде. Үздік техникалық жоғары оқу орындары базасында Қоғамның компаниялар тобы ұйымы үшін жоғары білімі бар мамандарды даярлау жоспарланып отыр.

Қоғамның қызметкерлері Астана қ. «Самұрық-Қазына» корпоративтік университеті» жеке мекемесі («ЕЦРП» ЖМ) базасында да, Қазақстан Республикасының, таяу және алыс шетелдің басқа да оқу орталықтарының базасында да біліктілікті арттыру курстарына, семинарларға, тағылымдамадан өтуге және тренингтерге қатысады.

Қоғамда персоналды дамытуға бағытталған «Даярлау және біліктілікті арттыру» сияқты бағдарламалар әрекет етеді, сондай-ақ «Жас маман» бағдарламасы әзірленген.

«Даярлау және біліктілікті арттыру» – Компанияның персоналды дамыту жөніндегі тұрақты әрекет ететін бағдарлама.

Қоғамда даярлау мен біліктілікті арттыруға бағытталған персоналды дамыту жөніндегі бағдарлама әрекет етеді. Жыл сайын Қоғамның бюджетінде персоналды оқытуға және біліктілігін арттыруға қаражат көзделеді. Қоғамда ПР ҚР 51.3-002-2004 Магистральдық газ құбырларын техникалық пайдалану қағидаларына («Персоналды техникалық даярлау» деген 1.2-т.) сәйкес магистральдық газ құбырларының

техникалық объектілерін әлеуметтік жағынан даярланған персонал пайдалануға тиіс. Қауіптілігі жоғары объектілерге қызмет көрсететін персонал мемлекеттік техникалық қадағалау жергілікті органдарымен келісілген бағдарламалар бойынша кәсіпорындар арнайы құратын курстарда даярлаудан (қайта даярлаудан) өтуге тиіс.

2013 жылы Қоғамның компаниялар тобы 3 401 қызметкерді жалпы сомасы 417 млн теңгеге оқытты, бұл 2012 жылдың нақты көрсеткішімен салыстырғанда 18%-ға жоғары, олардың негізгі үлесін өндірістік персоналдың қызметкерлері 1836 адам алады, олар Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясы мен Украинаның оқытушы ұйымдар мен оқу орталықтарының базасында даярлықтан өтеді және өздерінің біліктілік деңгейін арттырады. Жұмыс персоналын кәсіптік оқыту және дамыту Қоғамның кадрлық саясатының ұзақ мерзімді және басым бағыттарының бірі болып табылады, өйткені жұмысшы кадрлардың кәсіптік деңгейі қауіпсіз өндірістің тиімділігін арттырудың, еңбек өнімділігін өсіру мен жұмыстың сапасын жақсартудың маңызды факторы болып табылады.

Жас мамандарды сапалы кәсіптік даярлауға ерекше көңіл бөлінеді. Қоғамда Қоғам қызметкерлері балаларының Қазақстан мен Ресейдің жоғары оқу орындарында білім алуы үшін қолдау көрсетіледі. Осы мақсатта «Жас маман» бағдарламасы әзірленген. Жоғары оқу орындарында Қоғамның қаражаты есебінен республикамыздың жас азаматтары білім алуда, олар оқуды бітіргеннен кейін газ саласына жұмысқа келеді.

Қоғамның компаниялар тобы бірнеше жылдар бойы халықтың әлеуметтік осал топтарына, оның ішінде жетім балаларға, мүгедек балаларға, ардагерлерге, мүгедектерге, зейнеткерлерге, Қазақстан Республикасының табысы аз азаматтарына атаулы көмек көрсетіп келеді, сондай-ақ ғылым, білім, денсаулық сақтау және мәдениет ұйымдары мен қайраткерлеріне көмек көрсетілуде.

2013 жылы Қоғамның компаниялар тобы жалпы сомасы 813 млн теңгеден астам демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсетті, мыналарды атап өткен жөн:

- «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ және Алматы қ. Әкімдігі арасында жасалған 2010 жылғы 28 желтоқсандағы № 42-и меморандум шеңберінде «ҚазТрансГаз» АҚ жалпы сомасы 140 млн теңгеге Алматы қ. Алатау ауданындағы жоғары қысымды магистральдық газ құбыры аймағынан тұрғындарды көшіру үшін тұрғын үй сатып алуға демеушілік көмек көрсетті.
- халықтың әлеуметтік осал топтарын және қоғамдық ұйымдарды қолдау (балаларға, жетімдерге, мүгедектерге, сондай-ақ емдеу мен операцияларға мұқтаж адамдарға көмек көрсету) – 392 350 мың теңге;
- мұнайшы ардагерлердің әлеуметтік мұқтаждары үшін «Мұнайшы» қоғамдық қорына – 10 млн теңге.
- Спорттың жекелеген түрлерін басым дамытуға жалпы сомасы 280 650 млн теңгеге демеушілік көмек көрсетілді, оның ішінде:
- Жамбыл облысы Бокс федерациясының республикалық, халықаралық деңгейдегі жарыстарға даярлықтың сапалы деңгейін көтеру, қазақстандық боксшыларды қолдау және қала мен облыста боксты дамыту үшін – 50 млн теңге;
- «Спорттық жекпе-жек және спорттың күшті түрлері конфедерациясы» қауымдастығы нысанындағы заңды тұлғаларды еркін күрес және әйелдер күресі бойынша «Қазақстан Республикасы Президентінің Кубогі» грек-рим

ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМ- ДЫЛЫҚ

күресі бойынша халықаралық турнирге біріктіру – 60 млн теңге;

- «Астана» Президенттік кәсіптік спорт клубы» корпоративтік қорына Сочи қ. Ресей халықаралық олимпиада университетінде MSA бағдарламасы (спорттық әкімшілендіру мастери) бойынша Виталий Демьяненконың оқуына – 3 800 мың теңге;
- күресті дамытуға және баршаға танымал етуге байланысты барлық іс-шараларды орындау, ұлттық құрама командаларды алдағы лицензиялық Әлем Чемпионатына сапалы және толыққанды даярлау, оқу-жаттығу жиындарын өткізу, жаттықтырушылар құрамын күтіп-ұстау үшін «Грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясы» РОО – 50 млн теңге.

Бұдан басқа, 9 Мамыр ҰОС-тағы Жеңіс күні құрметіне ардагерлер мен оларға теңестірілген адамдарды құрмет тұту жүргізіледі, Ұлы Отан соғысына және еңбек тылына қатысушыларға атаулы көмек көрсетіледі. ҰОС ардагерлеріне, интернационалист жауынгерлерге, Чернобыль АЭС-індегі апатты жоюға қатысушыларға 9 Мамыр Жеңіс күніне материалдық көмек бөлінді.

Зейнеткерлерге, Қоғамның бұрынғы қызметкерлеріне емделуге материалдық көмек көрсетілді, сондай-ақ санаторийге жеңілдікті жолдамалар бөлінді.

Корпоративтік басқару

«ҚазТрансГаз» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) қызметі стратегиялық бағыттарының бірі корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыру болып табылады.

«ҚазТрансГаз» АҚ корпоративтік басқаруды Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру, оның беделін нығайту және оларға капитал тартуға арналған шығындарды азайту құралы ретінде қарайды.

Қоғамдағы корпоративтік басқаруды дамытудың негізгі мақсаты Қоғамды капиталдандырудың орнықты өсуін және Жалғыз акционердің мүдделерін іске асыруды қамтамасыз ету болып табылады.

ҚазТрансГаз корпоративтік басқарудың маңыздылығын түсіне отырып, корпоративтік басқару қағидаттарын енгізуге зор көңіл бөледі. 2009 жылы Корпоративтік басқару кодексі бекітілді. Қоғамның Корпоративтік басқару кодексі Жалғыз акционер – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленген.

КБК бекітілген сәттен бастап жыл сайынғы негізде корпоративтік басқару деңгейінің үздік әлемдік практикаға сәйкестігіне ҚТГ корпоративтік басқаруына диагностика жүргізіледі.

Диагностика нәтижелері бойынша басқару жүйелерінің кемшіліктері анықталады және Қоғамда басқару сапасын жақсарту жөніндегі қадамдар айқындалады. Сондай-ақ, диагностиканың нәтижелері негізінде корпоративтік басқару жүйесін үздік халықаралық практикаға сәйкес келтіру үшін оны жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жүргізіледі.

Диагностика нәтижелері Қоғамда корпоративтік басқаруды дамытудың оң үрдісін көрсетеді. Корпоративтік басқарудың жоғары деңгейі компания қызметінің экономикалық көрсеткіштеріне, айқындылықты арттыруға, шешімдер қабылдау процесінің толыққандылығына әсер етіп қана қоймай, компанияға инвесторлардың қабылдануына да оңынан ықпал етеді.

Халықаралық стандарттарға сәйкес корпоративтік басқару деңгейінің үздік практика талаптарына сәйкестігі 2012 жылы 60,8%-ды құрады.

Жалғыз акционер мынадай қатысушыларды: «белсенді» акционерді, Директорлар кеңесін, Басқарманы және ішкі аудиттің орталықтандырылған қызметін қамтитын корпоративтік басқару моделін айқындады.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

Қоғамның корпоративтік басқару органдары мыналар болып табылады:

1. Жалғыз акционер – жоғарғы орган;
2. Директорлар кеңесі – Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын және оның қызметінің басым бағыттарын айқындайтын басқару органы. Директорлар кеңесі үш мүшеден тұрады, оның біреуі тәуелсіз директор болып табылады;
3. Басқарма – Қоғамның міндеттерін орындау және стратегиясын іске асыру мақсатында Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган.

Қоғамның Басқармасы сегіз адамнан тұрады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі бес мүшеден тұрды, олар:

Директордың аты-жөні	Компаниядағы лауазымы
Шманов Нұртас Нұрыбекұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы
Берлібаев Данияр Әмірбайұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі
Сұлтанғали Серік Сұлтанғалиұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі
Нупов Құндыз Шамахұлы	Тәуелсіз директор
Бердалина Жанат Қоланқызы	Тәуелсіз директор

Жалғыз акционердің шешімімен тағайындалған («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 19.08.2008 ж. шешімі) «ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты 2011 жылғы 10 ақпанда Жалғыз акционер мынадай құрамда 3 жыл мерзімге саны 5 (бес) адам «ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесін тағайындауға шешім қабылдады:

- Шманов Нұртас Нұрыбекұлы – Директорлар кеңесінің төрағасы – Жалғыз акционердің (ҚМГ) өкілі;
- Берлібаев Данияр Әмірбайұлы – Директорлар кеңесінің мүшесі – Жалғыз акционердің (ҚМГ) өкілі;
- Сұлтанғали Серік – Директорлар кеңесінің мүшесі – «ҚазТрансГаз» АҚ-ның Бас директоры;
- Нупов Құндыз Шамахұлы – тәуелсіз директор;
- Бердалина Жанат Қоланқызы – тәуелсіз директор.

Директорлар кеңесінің құрамы 2013 жылы өзгерген жоқ.

Компанияны корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесі директорлар Қ.Ш. Нупов пен Ж.Қ. Бердалинаның:

- Қазақстан Республикасының заңнамасында оларға қойылатын тәуелсіздік өлшемдеріне сәйкес келеді;
- тиісті жұмыс тәжірибесі, білімдері, біліктілігі, оң жетістіктері және өзінің міндеттерін орындау және Жалғыз акционер мен ҚТГ-ның мүддесі үшін бүкіл Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін іскерлік ортада және Қазақстанның газ саласында мінсіз беделі бар;
- «ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереженің талаптарына сәйкес келеді, Директорлар кеңесінің мүшесін тәуелсіз деп тануға әсер етуі мүмкін қарым-қатынастарға немесе жағдайларға жол бермейді деген тәуелсіздік фактісін белгіледі.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫНА КЕЛУІ

Аты-жөні	Лауазымы	Келу саны	Келу пайызы	Ескертпелер
Шманов Н.Н.	Директорлар кеңесінің төрағасы	11-ден 11	100 %	03.04.2012 ж. бастап төраға болып тағайындалды
Берлібаев Д.Ә.	Директорлар кеңесінің мүшесі	11-ден 11	100 %	10.10.2011 ж. бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі ретінде ДК мүшесі болып тағайындалды
Сұлтанғали С.	Директорлар кеңесінің мүшесі	11-ден 11	100 %	13.08.2012 ж. бастап ДК мүшесі болып тағайындалды
Нупов Қ.Ш.	Тәуелсіз директор	11-ден 11	100 %	10.02.2011 ж. бастап тәуелсіз директор болып тағайындалды
Бердалина Ж.Қ.	Тәуелсіз директор	11-ден 11	100 %	10.02.2011 ж. бастап тәуелсіз директор болып тағайындалды

Есепті кезеңде ҚТГ Директорлар кеңесі 11 (8 бетпе-бет, 3 сырттай) отырыс өткізді. Қаралған мәселелердің жалпы саны 123-ті құрады, оның ішінде бетпе-бет отырыста қаралғаны – 114, сырттай отырыста – 9 мәселе.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖӘНЕ БАСҚАРМАНЫҢ МҮШЕЛЕРІН ІРІКТЕУ, СОНДАЙ-АҚ ОЛАРДЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІН АЙҚЫНДАУ ӨЛШЕМДЕРІ


Директорлар кеңесінің мүшелерін, оның ішінде тәуелсіз директорларды іріктеу және тағайындау процесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Жарғыда және Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінде көзделген тәртіппен директорлыққа кандидат туралы жеткілікті деректердің, кандидат пен Қоғамның өзара қатынастары туралы ақпараттың, тәуелсіздік өлшемдерінің, тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі туралы мәліметтердің негізінде белгіленген ішкі рәсімдерге, оң жетістіктерге және мінсіз беделге сәйкес жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат және Директорлар кеңесінің мүшесі жеке тұлға болуға, Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің басқа мүшелерінің сеніміне ие болуға, мінсіз беделі, кәсіптік білімі мен біліктілігі, «ҚазТрансГаз» АҚ-ның тиісті негізгі қызметі саласында кемінде 3 жыл басшылық жұмыс тәжірибесі болуға тиіс, іскери және салалық ортада оң жетістіктері және мінсіз беделі болуға тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры Қоғамның аффилирленген тұлғасы емес және Директорлар кеңесіне оны тағайындау алдындағы үш жыл ішінде ондай болмаған, мемлекеттік қызметші емес және т.б. болуға тиіс.

Басқарманың сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін айқындау, Бас директорды/Басқарма төрағасын қоспағанда, оның мүшелерін сайлау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату ҚР заңнамасына және «Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады. Бас директорды/Басқарма төрағасын сайлау/тағайындау және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Қоғамның Жалғыз акционерінің ерекше құзыретіне жатқызылған. Басқарма мүшесінің тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, іскерлік беделі болуға тиіс.

Директорлар кеңесінің, Басқарманың және Қоғамның Бас директорының арасында өкілеттіктерді бөлу Қоғамның Жарғысымен айқындалады.



Директорлар кеңесі «Қоғамның қызметін тиімді басқару және тиісінше бақылау үшін Жалғыз акционердің алдында жауапты болады және шешімдер қабылдаудың бекітілген тәртібіне сәйкес әрекет етеді. Директорлар кеңесінің неғұрлым маңызды функциялары Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау, ірі мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау және басқа да елеулі мәселелер болып табылады.

ДИРЕКТОР- ЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Өз кезегінде, Басқарма Директорлар кеңесінің шешімдерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу үшін, Қоғамның қаржы-шаруашылық және өндірістік қызметінің ағымдағы мәселелері бойынша жауапты болады. Басқарма Қоғамның бизнес-жоспарына қол жеткізу бойынша істелген жұмыстың жай-күйі үшін Директорлар кеңесінің алдында есеп береді.

БАСҚАРМАНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Осылайша, барлық қатысушылардың өз өкілеттіктерінің корпоративтік қатынастарын, жауаптылық аясын, есептілігін, құқықтары мен міндеттерін түсінуі, көрсетілген аспектілерді Қоғамның Жарғысында нақты бекіту мүдделер жанжалы тәуекелін азайтады, демек, корпоративтік дамыту қағидаттары мен құрылымының бірыңғай пайымдауын құрады.

2013 жылы Компания Басқармасының құрамына Бас директорды және оның орынбасарларын қоса алғанда, жоғарғы буын басшылары кірді.

БАСҚАРМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Аты-жөні	Лауазымы	Кезеңі
Сұлтанғали Серік	Бас директор (Басқарма төрағасы)	13.08.2012 ж. бастап
Илеуов Азиз Тоқшылықұлы	Бас директордың бірінші орынбасары	02.08.2013 ж. бастап
Көшеров Даир Әділбекұлы	Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары	26.12.2008 ж. бастап
Тегісбаев Анатоли Орынғалиұлы	Бас директордың ресурстық база жөніндегі орынбасары	26.12.2008 ж. бастап 26.06.2013 ж. дейін
Қасенов Арман Ғинаятұлы	Бас директордың корпоративтік дамыту жөніндегі орынбасары	26.12.2008 ж. бастап
Алтыбаева Тұрсынбибі Қасымқанқызы	Бас бухгалтер	26.12.2008 ж. бастап 02.08.2013 ж. дейін
Жаманбеков Алмаз Мэлсұлы	Аппарат басшысы	10.10.2011 ж. бастап 20.06.2012 ж. дейін
Байзақов Айбек Сәбитұлы	Бас директордың газ маркетингі жөніндегі орынбасары	08.07.2010 ж. бастап
Әмірханов Мұрат Әнуарбекұлы	Заң департаментінің директоры	08.07.2010 ж.


БАСҚАРМАНЫҢ МҮШЕЛЕРІ

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының сатып алуындағы қазақстандық қамту (ҚҚ)

Көрсеткіш	2013 жыл		
	Барлығы	Қазақстандық қамту үлесі	
		сума	%
Сатып алудың жалпы көлемі, оның ішінде:	219,3	170,0	78%
Тауарлар	118,8	99,8	84%
Жұмыстар	73,5	44,8	61%
Қызметтер	27	25,6	95%

Млрд тенге

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАМТУ ҮЛЕСІНІҢ ӨЗГЕРУ ДИНАМИКАСЫ



«ҚТГ» компаниялар тобы бойынша 2013 жылғы сатып алудың жалпы көлемі 219,3 млрд теңгені құрады, оның ішінде тауарлар – 118,8 млрд теңге сомасына, жұмыстар – 73,5 млрд теңге сомасына және қызметтер – 27 млрд теңге сомасына сатып алынды.

Сатып алудың жалпы көлеміндегі қазақстандық қамту үлесі 170 млрд теңгені немесе 78%-ды құрады, оның ішінде сатып алынған тауарлар бойынша – 84%, орындалған жұмыстар – 61% және көрсетілген қызметтер – 95%.

Несиелік рейтингілер және борыштық портфельді басқару

2013 жылы Standard&Poor's халықаралық рейтингтік агенттігі ҚазТрансГаз-дың ұзақ мерзімді рейтингін «BB/Оң» деңгейінен «BB/Тұрақты» деңгейіне дейін көтерді, сондай-ақ FitchRatings ҚазТрансГаз ұзақ мерзімді рейтингін «BB/Тұрақты» деңгейінде растады. Moody's сондай-ақ ҚазТрансГаз-дың ұзақ мерзімді рейтингін «Ваа3/Тұрақты» деңгейінде растады.

Рейтингтік агенттік	Компания	Рейтинг берілген күн	Рейтинг	Болжам
Standard & Poor's	ҚТГ	31.05.2013	BB+	Тұрақты
FitchRatings	ҚТГ	19.09.2013	BB+	Тұрақты
Moody's	ҚТГ	16.08.2013	Ваа3	Тұрақты




ҚазТрансГаз «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ бекіткен 2013-2015 жылдарға арналған қарыз алудың орта мерзімді саясатын басшылыққа ала отырып, несиелер тартуды жүзеге асырады, оған сәйкес борыштық міндеттемелердің барынша рұқсат етілетін деңгейі айқындалған.

ҚОҒАМНЫҢ 2013 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ҚАРЫЗ ПОРТФЕЛІ:

Қарыз алушы	Кредитор	Борыш қалдығы	Валюта
«ҚазТрансГаз» АҚ	Credit Suisse	10 000 000	USD
«ҚазТрансГаз» АҚ	Ситибанк Қазақстан	30 000 000	USD
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	Intergas Finance BV	540 000 000	USD
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	Ситибанк Қазақстан	20 000 000	USD
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	HSBC PLC/Citigroup	20 208 581	USD
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	АТФ Банк	3 000 000 000	KZT
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	Банк Развития Казахстана	2 040 781 675	KZT
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	Банк Развития Казахстана	2 282 616 994	KZT
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	Ситибанк Қазақстан	4 180 479 499	KZT
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	ВТБ Банк	2 999 997 000	KZT
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	Сбербанк	9 000 000 000	KZT
«ҚазТрансГаз Алматы» АҚ	HSBC Банк Қазақстан	21 636 900	USD

ҚазТрансГаз қарыз портфелінің жалпы мөлшері 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 122 млн теңгені құрады.

ҚМГ ковенанттары	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл
Борыш/ЕБИТДА (<=3,5)	1,30	1,19	1,18	1,68	1,57
Таза борыш/Таза капиталдандыру (<=0,5)	0,27	0,13	0,11	0,19	0,2
Бос сыйымдылық, мың \$	754 136	1 310 328	1 297 675	803 000	982 238



Қаржылық есептілік

ERNST & YOUNG

PIKIP

Біздің ойымызша, шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық маңызды аспектілерде «ҚазТрансГаз» АҚ-ның және оның еншілес кәсіпорындарының 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоғырландыру қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін олардың шоғырландырылған қаржы нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес лайықты түрде көрсетеді.

Ernst & Young LLP

Бахтиёр Эшонкулов
Аудитор / аудит жөніндегі партнер

Евгений Жемалетдинов
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Аудитордың 2012 жылғы 27 тамыздағы
№МФ-0000099 біліктілік куәлігі

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы МФЮ-2
№ 000003 болатын Қазақстан Республикасының
аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға
арналған мемлекеттік лицензия

2014 жылғы 20 ақпан

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескер.	2013	2012 (Қайта есептелгені)*
Өткізілген өнімнен және көрсетілген қызметтерден түскен кірістер	24	288.317.189	261.532.684
Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны	25	(209.677.956)	(197.560.939)
Жалпы пайда		78.639.233	63.971.745
Жалпы және әкімшілік шығыстар	26	(23.794.840)	(20.913.973)
Өзге де операциялық кірістер	27	5.205.504	5.073.598
Басқа да операциялық шығыстар	27	(6.009.560)	(2.510.948)
Операциялық қызметтен болған пайда		54.040.337	45.620.422
Қаржылық кірістер	28	1.446.401	1.517.212
Қаржы шығындары	28	(7.956.969)	(6.682.834)
Бірлескен кәсіпорындардың пайдасындағы үлесі	7	19.987.613	693.470
Теріс бағамдық айырма, нетто		(1.310.926)	(770.607)
Салық салуға дейінгі пайда		66.206.461	40.377.663
Табыс салығы бойынша шығыстар	29	(15.753.117)	(12.139.340)
Бір жылғы таза пайда		50.453.344	28.238.323
Өзге жиынтық кіріс			
Келесі кезеңдерде пайда және залал құрамында қайта жіктелуге жататын жиынтық кіріс			
Шетел валюталарын қайта есептеу		148.597	–
Келесі кезеңдерде пайда және залал құрамында қайта жіктелуге жатпайтын жиынтық кіріс			
Белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша актуарлық залалдар	17	(813.931)	–
Табыс салығының әсері		162.786	–
Келесі кезеңдерде пайда және залал құрамында қайта жіктелуге жатпайтын таза жиынтық кіріс		(651.145)	–
Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы жиынтық кірістің жиыны		49.950.796	28.238.323

* Жоғарыда келтірілген кейбір сомалар 2012 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді және солар туралы егжей-тегжейлі ақпарат 4- ескертпеде келтірілген жасалған түзетулерді көрсетеді.

 **KazTransGas**
ГАЗ ЖӘНЕ ГАЗБЕН ЖАБДЫҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТЫҚ ОПЕРАТОР

 **KazTransGas**
ГАЗ ЖӘНЕ ГАЗБЕН ЖАБДЫҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТЫҚ ОПЕРАТОР

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2013 жылдың 31 желтоқсанына

Мың теңгемен	Ескер.	2013	2012 (Қайта есептелгені)*	2012 жылғы 1 қаңтар (Қайта есептелгені)*
АКТИВТЕР				
Ұзақ мерзімді активтер				
Материалдық емес активтер		1.250.331	1.829.026	2.111.140
Негізгі қаржылар	5	419.069.759	355.031.618	282.393.628
Газ активтері	6	21.672.046	18.324.274	17.395.105
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	7	94.035.381	73.864.971	70.806.796
Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар	8	15.205.244	19.217.557	6.018.624
Банктердегі салымдар	12	5.830.660	105.375	59.216
Пайдалануда шектелген ақша қаражаты	12	2.557.997	160.798	131.456
Өтеуге ҚҚС		6.671.584	1.829.604	-
Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша активтер	29	446.115	-	-
Басқа да ұзақ мерзімді активтер		1.440.359	4.128	185.877
		568.179.476	470.367.351	379.101.842
Ағымдағы активтер				
Тауар-материалдық қорлар	9	22.698.641	23.504.555	24.581.740
Сауда және өзге де дебиторлық берешек	10	47.587.681	34.767.434	28.025.546
Байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздар	30	57.101	19.507.000	45.000
Берілген аванстар	8	3.427.983	2.850.709	1.764.397
Өтелетін салықтар	11	13.944.806	13.568.559	6.999.473
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		4.402.555	5.029.433	6.640.472
Банктердегі салымдар	12	11.481.155	15.740.204	31.432.604
Ақша қаражаты және олардың баламалары	13	10.532.914	7.714.266	56.264.211
		114.132.836	122.682.160	155.753.443
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		682.312.312	593.049.511	534.855.285
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
Капитал				
Жарғылық капитал	14	144.011.655	139.917.435	108.658.404
Қосымша төленген капитал	14	7.369.647	10.880.713	7.229.256
Шетел валютасын қайта есептеу бойынша резерв		154.457	5.860	5.860
Бөлінбеген пайда		283.100.106	233.347.907	217.094.747
		434.635.865	384.151.915	332.988.267
Ұзақ мерзімді міндеттемелер				
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	15	82.527.839	80.870.349	79.505.683
Пайыздық қарыздар	16	5.990.952	6.223.805	8.620.705
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	17	2.651.942	937.820	606.118
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек		103.058	-	679.960
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	18	7.217.465	5.598.613	3.251.577
Резервтер	19	2.244.917	1.039.997	1.248.987
Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша міндеттемелер	29	23.251.529	19.078.324	15.756.162
		123.987.702	113.748.908	109.669.192
Ағымдағы міндеттемелер				
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	15	675.692	663.068	652.774
Пайыздық қарыздар	16	33.048.047	23.027.460	9.336.695
Резервтер	19	4.811.060	3.077.304	2.915.101
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	20	62.526.240	40.187.284	29.205.967
Газ қарыздары бойынша берешек	21	5.744.418	13.047.579	4.018.817
Концессиялық міндеттемелер		1.956.806	1.242.265	-
Төленуге жататын салықтар		1.229.797	1.510.872	2.002.162
Төленуге жататын табыс салығы		2.324.575	1.057.384	19.863
Алынған аванстар	22	3.299.086	2.656.303	38.623.521
Өзге де ағымдағы міндеттемелер	23	8.073.024	8.679.169	5.422.926
		123.688.745	95.148.688	92.197.826
КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		682.312.312	593.049.511	534.855.285

* Жоғарыда келтірілген кейбір сомалар 2012 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді және солар туралы егжей-тегжейлі ақпарат 4- ескертпеде келтірілген жасалған түзетулерді көрсетеді.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескер.	2013	2012 (Қайта есептелгені)*
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары:			
Салық салуға дейінгі пайда		66.206.461	40.377.663
Мыналарға түзету:			
Тозу мен амортизацияға		23.716.846	21.046.794
Қаржылық шығындар, нетто	28	6.510.568	5.165.622
Бірлескен кәсіпорындардың пайдасындағы үлесі	7	(19.987.613)	(693.470)
Газды тасымалдау резерві		11.261.047	-
Резервтердегі өзгеріс		(1.656.520)	89.592
Болашақ кезеңдер кірістерінің амортизациясы	27	(311.011)	(203.768)
Қызметкерлерге берілген тұрғын үй өтемақыларының амортизациясы		71.558	-
Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді өткізуден болған залал	27	740.520	258.321
Іске асырылмаған теріс бағамдық айырма		1.710.005	1.450.686
Шарт бойынша есептелген шығыстар		714.540	1.242.265
Газ қарыздарының операциялары бойынша залал / (кіріс)	27	1.197.857	(537.074)
Негізгі құралдардың құнсыздануы	27	939.375	-
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		822.248	366.674
Айналым капиталындағы өзгерістерге дейінгі операциялық пайда		91.935.881	68.563.305
Тауар-материалдық қорлардағы өзгеріс		(9.519.844)	(2.812.141)
Сауда және басқа да дебиторлық берешектегі және басқа да ағымдағы активтердегі өзгеріс		(12.245.287)	(6.764.628)
Берілген аванстардағы өзгеріс		(576.287)	(1.077.674)
Өтеуге жататын салықтардағы өзгеріс		(5.155.745)	(7.520.521)
Сауда және өзге де несиелік берешектегі өзгеріс		5.312.784	7.500.803
Газ қарыздары бойынша берешектегі өзгеріс		(8.538.296)	9.565.462
Төленетін салықтардағы өзгеріс		(661.697)	(491.290)
Алынған аванстардағы өзгеріс		639.398	(35.973.599)
Өзге де ағымдағы міндеттемелердегі өзгеріс		(1.355.893)	2.275.098
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелердегі өзгеріс		-	11.656
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының түсімі		59.835.014	33.276.471
Төленген пайыздар		(6.717.926)	(6.191.340)
Төленген табыс салығы		(8.115.138)	(6.166.052)
Банк салымдары бойынша алынған пайыздар		584.720	1.230.943
Операциялық қызметтен түскен / (пайдаланылған) таза ақша ағындары		45.586.670	22.150.022
Инвестициялық қызметтен ақша ағындары			
Банк салымдары		(557.418)	15.542.651
Пайдалануда шектелген ақша қаражатын орналастыру		(2.397.199)	(29.342)
Байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздар		(50.101)	(19.507.000)
Байланысты тараптар өтеген пайызсыз қарыздар		19.500.221	59.222
Негізгі құралдар мен газ активтерін сатып алу		(67.170.444)	(44.333.902)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(113.863)	(197.900)
Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді сатудан түсетін түсім		3.539.355	9.312
Қызметкерлерге берілген тұрғын үй өтемақысы		(1.508.011)	-
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар		(34.200)	(2.364.705)
Басқа да алынған дивидендтер		-	231.094
Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар		(3.478.686)	(19.212.255)
Инвестициялық қызметке пайдаланылған таза ақша ағыны		(52.270.346)	(69.802.825)
Қаржылық қызметтен түскен ақша ағымдары:			
Банк қарыздары бойынша түсімдер		85.811.902	39.018.583
Банк қарыздарын өтеу		(76.259.578)	(27.930.561)
Акционерге бөлу		(50.000)	-
Төленген дивидендтер	14	-	(11.985.164)
Қаржылық қызметтен түскен / (пайдаланылған) таза ақша ағындары		9.502.324	(897.142)
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс		2.818.648	(48.549.945)
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның эквиваленттері	13	7.714.266	56.264.211
Жыл аяғындағы ақша қаражаты мен оның эквиваленттері	13	10.532.914	7.714.266

* Жоғарыда келтірілген кейбір сомалар 2012 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді және солар туралы егжей-тегжейлі ақпарат 4- ескертпеде келтірілген жасалған түзетулерді көрсетеді.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Шетел валютасын қайта есептеу бойынша резерв	Бөлінбеген пайда	ЖИЫНЫ
2012 жылдың 1 қаңтарына	108.658.404	3.279.340	5.860	217.311.296	329.254.900
Қайта есептеу*	-	3.949.916	-	(216.548)	3.733.368
2012 жылдың 1 қаңтарына (Қайта есептелгені)*	108.658.404	7.229.256	5.860	217.094.748	332.988.268
Бір жылғы таза пайда (Қайта есептелгені)*	-	-	-	28.238.323	28.238.323
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны (Қайта есептелгені)*	-	-	-	28.238.323	28.238.323
Акциялар шығарылымы (14-ескертпе)	31.259.031	(31.259.031)	-	-	-
Акционердің тарапынан жарна (14-ескертпе)	-	34.910.488	-	-	34.910.488
Дивидендтер (14-ескертпе)	-	-	-	(11.985.164)	(11.985.164)
2012 жылдың 31 желтоқсанына (Қайта есептелгені)*	139.917.435	10.880.713	5.860	233.347.907	384.151.915
Бір жылғы таза пайда	-	-	-	50.453.344	50.453.344
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	-	-	148.597	(651.145)	(502.548)
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	-	-	148.597	49.802.199	49.950.796
Акциялар шығарылымы (14-ескертпе)	4.094.220	(4.094.220)	-	-	-
Акционердің тарапынан жарна (14-ескертпе)	-	583.154	-	-	583.154
Акционерге бөліп беру (14-ескертпе)	-	-	-	(50.000)	(50.000)
2013 жылдың 31 желтоқсанына	144.011.655	7.369.647	154.457	283.100.106	434.635.865

* Жоғарыда келтірілген кейбір сомалар 2012 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді және солар туралы егжей-тегжейлі ақпарат 4-ескертпеде келтірілген жасалған түзетулерді көрсетеді.

АҚШАЛАЙ ЕМЕС ОПЕРАЦИЯЛАР – АҚПАРАТТЫ ҚОСЫМША АШЫП КӨРСЕТУ:

Мына ақшасыз операциялар ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен алынып тасталды:

ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛДЫ ҰЛҒАЙТУ

2013 жылдың ішінде Топ номиналды құны 10.000 теңге болатын 409.422 дана көлемінде жай акцияларды шығарды. Акцияларды жалғыз Акционер сатып алып, «Арқагаз» АҚ-ның акцияларымен төленді.

НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫ БЕРУ

2013 жылы Топ өтеусіз негізде 1.557.540 мың теңге сомасына негізгі құралдарды алды. Алынған негізгі құралдар бойынша барынша егжей-тегжейлі ақпарат 5-ескертпеде келтірілген (2012 жылы: 2.354.219 мың теңге).

Сондай-ақ 2013 жылы Топ өз тұтынушыларынан 287.906 мың теңге (2012 жылы: 318.315 мың теңге) сомасына газ құбырларын және ағымдағы құны 24.398 мың теңге болған ұзақ мерзімді вексельдерге айырбас ретінде құны 65.286 мың теңге болатын қолданыстағы бөлетін газ құбырларын алды.

ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕРДІ ЖЕТКІЗГЕНІ ҮШІН КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

2013 жылы 8.450.147 мың теңге сомасына негізгі құралдардың түсуі кредиторлық берешекті ұлғайту есебінен қаржыландырылды (2012 жылы: 2.953.928 мың теңге).

ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР ҮШІН БЕРІЛГЕН АВАНСТАР

2013 жылы 7.491.000 мың теңге сомасына негізгі құралдардың түсуі 2012 жылы берілген аванстар арқылы қаржыландырылды (2012 жылы: 6.013.322 мың теңге).

ТАУАР-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАРДЫ АУДАРУ

2013 жылы 10.291.373 мың теңге сомасына тауар-материалдық қорлар негізгі құралдарға аударылды (2012 жылы: 3.853.843 мың теңге).

ҚАРЫЗҒА АЛЫНҒАН ГАЗДЫ ҚАЙТАРУ

2013 жылы Топ үшінші қарыздың екінші бөлігі шеңберінде 409.900 мың текше метр газды және 9.039.906 мың теңге (2012 жылы: 13.469.520 мың теңге) жалпы сомаға, төртінші қарыздың шеңберінде 290,181 мың текше метр газды алды. 2013 жылы Топ үшінші қарыздың бірінші бөлігі шеңберінде алынған 431.358 мың текше метр газды және 16.343.067 мың теңге (2012 жылы 4.440.758 мың теңге) жалпы сомаға үшінші қарыздың екінші бөлігінің шеңберінде алынған 260.126 мың текше метр газды қоса алғанда, 593.177 мың текше метр көлеміндегі екінші қарыздың шеңберінде алынған 1.284.661 мың текше метр жалпы көлемдегі газды қайтарды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

1. КОРПОРАТИВТІК АҚПАРАТ

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілікке «ҚазТрансГаз» АҚ-ның (бұдан әрі «Компания» немесе «ҚТГ») және оның еншілес ұйымдарының (бірлесіп «Топ» деп аталады) қаржылық есептілігі кіреді (2-ескертпе).

ҚТГ Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі «Үкімет») 2000 жылғы 5 ақпандағы № 173 Қаулысының негізінде бекітілген және 2000 жылғы 13 наурыздағы жабық акционерлік қоғам күйінде тіркелген акционерлік қоғам болып табылады. 2004 жылғы 9 маусымда Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам болып қайта тіркелді. Топтың бас кеңсесі Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 19 мекенжайы бойынша орналасқан.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі «ҚазМұнайГаз») ҚТГ-ның жалғыз акционері болып табылады. ҚазМұнайГаз-дың жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» Ұлттық Өл-ауқат Қоры» АҚ (бұдан әрі «Самұрық-Қазына») арқылы Үкімет болып табылады және «ҚазМұнайГаз» бен «Самұрық-Қазына»-ның барлық еншілес ұйымдары Компанияның және Топтың байланысты тараптары ретінде қарастырылады (30-ескертпе).

ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 5 шілдедегі № 914 Қаулысына сәйкес «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы газ және газбен қамсыздандыру саласында ұлттық оператор болып анықталды. Топтың ұлттық оператор ретіндегі негізгі міндеті Қазақстанның тауар газындағы ішкі мұқтаждықтарын қамтамасыз ету болып табылады.

Топ қызметінің негізгі бағыттарына мыналар кіреді:

- Қазақстанда магистральды құбырлардың газ көлік жүйелерін жалпы дамыту үшін инвестициялық қызметті басқару;
- Қазақстанда газ кеніштерін әзірлеу үшін инвестициялық қызметті басқару;
- газ өнеркәсібінде жобаларды зерттеу және әзірлеу бойынша кеңес беру қызметтерін көрсету;
- шетелдік және жергілікті нарықтарда газды өткізу;
- газ өнеркәсібін дамытудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу және өндіру бағдарламасына қатысу.

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығаруға Компанияның Экономика және қаржы жөніндегі Бас директордың орынбасары, Бас бухгалтері мен ХҚЕС және басқарушылық есептілік департаментінің директоры 2014 жылғы 20 ақпанда бекітті.

Көмірсутектерді барлау және өндіру

2000 жылғы желтоқсанда Топ Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігімен Жамбыл облысының, Оңтүстік Қазақстан Аманкелді, Анабай, Айрақты және Құмырлы газ кеніштерін қоса алғанда, Солтүстік Үшарал, Үшарал-Кемпіртөбе аумақтарында, сондай-ақ XXXIII-48, XXXIII-49, XXXIV-49, XXXIV-50, XXXIV-51, XXXV-50 блоктарында көмірсутектерді барлау және өндіру жұмыстарын жүзеге асыруға арналған Келісімшартқа (бұдан әрі «Көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарт») қолын қойды. Көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарттың қолданылу мерзімі 31 жылды құрайды. 2003 жылғы қарашада Топ Аманкелді кенішінде газды өндіруді және өткізуді бастады.

Көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарттың талаптары бойынша Топтың, егер көмірсутектің коммерциялық тиімді қорлары анықталмаған жағдайда, өзінің кез келген келісімшарттық аумағынан бас тартуға құқығы бар.

ИОА мен Үкімет арасындағы шарт

Компанияның 100% еншілес кәсіпорны (2-ескертпе) болып табылатын «Интергаз Орталық Азия» АҚ (бұдан әрі «ИОА») ИОА мен Үкімет арасында қол қойылған Шартқа сәйкес (бұдан әрі «Шарт» немесе «Концессия шарты») Қазақстан Республикасында магистральды газ құбырларының желісін басқарады. ИОА 2000 жылы алдыңғы оператордан Шартта үлесті алды. Шартқа сәйкес ИОА шарт мерзімін тағы 10 жылға ұзарту мүмкіндігімен магистральды газ құбырларының желісін 2017 жылғы 14 маусымға дейін басқаруға және қызмет көрсетуге міндетті, содан кейін олар Үкіметке беруі тиіс.

2012 жылғы 31 мамырда ИОА Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінен (бұдан әрі «Комитет») сенімгерлік басқару шартын 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін қол қою ұсынысымен Шартты мерзімінен бұрын тоқтату туралы хатты алды. Шартты мерзімінен бұрын тоқтату мәселесін Комитет Самұрық-Қазына арқылы 2012 жылы Шарт бойынша активтерді Топ меншігіне келешекте бере отырып көтерді. Жауап ретінде ҚазМұнайГаз Шарттың бұзылуын мезгілсіз деп есептейтіндігін хабарлады, өйткені Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар шетелдік кредиторлармен келісілуі тиіс. Қазіргі уақытта Басшылық шетелдік несие берушілермен Шартты бұзуға арналған мақұлдауын алу үшін келіссөздер жүргізуде.

Сонымен бірге, 2012 жылғы 30 шілдеде Комитет пен ИОП 2011 және 2012 жылдардағы Шарт бойынша шығыстарға қатысты Концессия шартына толықтыруға қолдарын қойды.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Компанияның қоса беріліп отырған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес (бұдан әрі «ХҚЕС жөніндегі Кеңес») бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан «ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік, есеп саясатында және осы есептіліктің ескертпелерінде көрсетілгендей әділ құны бойынша бағаланатын активтер мен міндеттемелерді қоспағанда, бастапқы құны бойынша бағалау қағидатына сәйкес дайындалды.

Қаржылық есептіліктің барлық сомалары, егер өзгесі көрсетілмесе, мыңға дейін дөңгелектенген.

Шоғырландыру негізі

Еншілес кәсіпорындар соңғысының еншілес компанияларға бақылауды алған күнді білдіретін са-тып алу күнінен бастап бас компания шоғырландырады және осындай бақылаудан айырылған күніне дейін шоғырландыруын жалғастырады. Еншілес кәсіпорындардың қаржылық есептілігі Топтың барлық кәсіпорындары үшін есеп саясатын бірізді қолданудың негізінде бас компанияның есептілігі сияқты дәл сол есепті кезең үшін әзірленді. Топ ішіндегі операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын барлық топ ішілік қалдықтар, операциялар, жұмсалмаған кірістер мен шығыстар және дивидендтер толық алынып тасталған.

Бақылауды жоғалтпағанда еншілес кәсіпорындағы қатысу үлесінің өзгерісі капиталмен операция ретінде ескеріледі.

Егер Топ еншілес кәсіпорынға бақылауды жоғалтса, ол:

- Еншілес кәсіпорындар активтері мен міндеттемелерін тануды тоқтатады (оның ішінде өзіне жататын гудвилді)
- Бақыланбайтын қатысу үлесінің баланстық құнын тануды тоқтатады
- Капиталда көрсетілген жинақталған бағамдық айырманы тануды тоқтатады
- Алынған сыйақының әділ құнын таниды
- Қалған инвестицияның әділ құнын таниды
- Пайда немесе залал құрамындағы операция нәтижесінде туындаған артығын немесе дефицитті таниды
- Бұрын басқа жиынтық кіріс құрамында танылған компоненттердің, пайда мен залалдың немесе бөлінбеген пайданың құрамындағы бас компания үлесін нақты талаптарға сәйкес қайта жіктейді.

FULL NAME:

«KazTransGas» Joint Stock Company

LOCATION:

19 Kabanbay Batyr str., Astana,
Republic of Kazakhstan

POSTAL ADDRESS:

19 Kabanbay Batyr str., Astana,
010000

TELEPHONE: +7 /7172/ 55-22-22

FAX: +7 /7172 / 24-00-66

http://www.kaztransgas.kz

PUBLIC RELATIONS

Telephone: +7 /7172/ 55-23-16

Fax: +7 /7172/24-00-66

E-mail: pr@kaztransgas.kz

CORPORATE SECRETARY

Telephone: +7 /7172/ 55-22-00

Fax: +7 /7172/ 24-00-66

E-mail: info@kaztransgas.kz

REPRESENTATIVE OFFICE IN MOSCOW

(RUSSIAN FEDERATION)

Address: 20 a Berezhkovskaya queue,
Moscow 121059 Russia

Tel./fax: +7 /499/ 963-83-83

ПОЛНОЕ НАИМЕНОВАНИЕ:

Акционерное общество «КазТрансГаз»

МЕСТОНАХОЖДЕНИЕ:

Республика Казахстан, г. Астана,
ул.Кабанбай батыра, д. 19

ПОЧТОВЫЙ АДРЕС:

010000, г. Астана,
ул. Кабанбай батыра, д. 19

ТЕЛЕФОН: +7 /7172/ 55-22-22

ФАКС: +7 /7172 / 24-00-66

САЙТ: http://www.kaztransgas.kz

СВЯЗЬ С ОБЩЕСТВЕННОСТЬЮ

Телефон: +7 /7172/ 55-23-16

Факс: + 7 /7172/ 24-00-66

E-mail: pr@kaztransgas.kz

КОРПОРАТИВНЫЙ СЕКРЕТАРЬ

Телефон: +7 /7172/ 55-22-00

Факс: + 7 /7172/ 24-00-66

E-mail: info@kaztransgas.kz

ПРЕДСТАВИТЕЛЬСТВО В МОСКВЕ

(РОССИЙСКАЯ ФЕДЕРАЦИЯ)

Адрес: 121059 Россия, г. Москва,
Бережковская набережная, 20а

Тел./факс: +7 /499/ 963-83-83

ТОЛЫҚ АТАУЫ:

«ҚазТрансГаз» Акционерлік қоғамы

ТҰРҒАН ЖЕРІ:

Қазақстан Республикасы,
Астана қ., Қабанбай батыра қ., 19-үй,

ПОШТА МЕКЕНЖАЙЫ:

010000, Астана қ.,

Қабанбай батыра қ., 19-үй

ТЕЛЕФОН: +7 /7172/ 55-22-22

ФАКС: +7 /7172 / 24-00-66

http://www.kaztransgas.kz

ЖҰРТШЫЛЫҚПЕН БАЙЛАНЫС

Телефон: +7 /7172/ 55-23-16

Факс: +7 /7172/ 24-00-66

E-mail: pr@kaztransgas.kz

КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ

Телефон: +7 /7172/ 55-22-00

Факс: +7 /7172/ 24-00-66

E-mail: info@kaztransgas.kz

МӘСКЕУ ӨКІЛДІК (РЕСЕЙ

ФЕДЕРАЦИЯСЫ)

Мекенжайы: 121059 Ресей, Мәскеу
қ., Бережковская набережная, 20 а

Тел./факс: +7 /499/ 963-83-83

2013



KazTransGas